№ 26 (32) / қаңтар-ақпан / 2020

САРАСӨЗ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИ–ҚОҒАМДЫҚ ЖУРНАЛ



кәсіпкер
Нұралы Оспанов

Кәсібің - нәсібің / Денсаулық / Назым сөз / Жазушының жан дүниесі / Тымпи / Насыр сөз / Сахна сөз / Жаңа кітап / Тіл туралы / Өнерім - өмірім / Мәдениет мәйегі / Сөз түзелді / Түркі жұртында / Бабалар аманаты / Бәйтерек / Базына / Ел байлығы / Саңлақ

САРАСӨЗ

Директор-Бас редактор
Гүлжаз ҚАРЫБЕК

Дизайны: Бекжігіт СЕРДӘЛІ

Корректоры: Мөлдір ТӘУКЕБАЕВА

SMM-менеджер: Еңлік ҚАЛДАРХАН

Суретші: Мұрат ШАХАНБАЙ

sarasoz.kz sarasoz.kz

Редакцияның мекен-жайы: Түркістан қаласы, Бортөбе көшесі, 33-үй.
Тел: +7 702 839 86 88, электронды пошта: gulastana100@mail.ru

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы куәлігі №16302-ж 17.01.2017 ж. берілді

МЕНШІК ИЕСІ:
ЖК «Кыдыкбекова Г.К.»

Журнал «Print houze Gerona» ЖШС баспаханасында басылды. Мекен-жайы: Алматы қаласы, Сәтпаев көшесі, 30 А/3-үй

Мақала авторының көзқарасы редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. «Сарасөзде» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, журналға сілтеме жасалуы міндетті

Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы

Таралымы: 5000 дана

Журнал айына бір рет шығады

Мұқабада:
кәсіпкер Нұралы Оспанов





РЕДАКТОР ЛЕБІЗІ

«Сарасөз» журналын ай сайын асыға күткен ардақты ағайын!

Жорналдың тізгінін қолға алғаныма үш жыл толды. Осы уақыт аралығында қуанған, сүрінген, қайта тұрған, ақпарат айдынында еркін жүзе алмаған кездеріміз де болды. Осы жолда күш те, қуат та, жастық жалын да аямай жұмсалды. Журнал өзінің бағытын көп іздеді, әлі де ізденіс үстінде. Бар мақсатым - оқырманға тұщымды дүние беру.

Күн сайын технологияның қарыштап дамып жатқан заманында жорнал шығару жаңалық емес екенін жақсы білемін. Заманның, оқырманның талабын ескеріп, журналымның сайтын да іске қостым. Sarasoz.kz - ке де басымдық бере отырсаңыздар нұр үстіне нұр!

Десе де менің еңбегімнің құнын тұрақты оқырмандарымнан артық кім түсінер деймін?!

Өздеріңіз де білесіздер, қазақта «Жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас» деген ғажап сөз бар. Атадан жалғыз болсам да, қазақтан жалғыз емеспін ғой деп, осы топырақтың суын ішіп, ауасын жұтып жүргеніме шүкір ете отырып, еліміздің руханиятын жүйелеп журналымызда көрсетсек, ол көрсеткенімізді ел көрсе деген ниет.

Сол дана қазақ тағы да, «Жиен ел болмас, желке ас болмас» дейді де, тағы да, «Желке неге ас болмас майы болса, жиен неге ел болмас жайлы болса» деп түйеді. Қырғыздың топырағында туылып, тағдыр тауқыметімен қазақтың даласында бойжеткен, малына емес, қаламына сеніп күн кешкен осы бір түйір қыздарыңыздың сөзін жерде қалдырмай ең жаңға бататын таралым мәселесіне үн қосарсыздар деген тілегім бар. Жаңа ғана табалдырығымызды аттаған 2020 жылды қолпаштап өткізер сол шуақты шақтарда «САРАСӨЗ» журналы да Сіздің қолтығыңызда болса, шіркін!

Сіздердің баянды бастаманы қолдайтындарыңызға сенім білдіріп, еліміздің күнгейлі келешегі жолындағы абыройлы қызметтеріңізге толайым табыстар тілеймін!

«Сарасөз» журналының
бас редакторы

Гүлжаз ҚАРЫБЕК

«БАЛМҰЗДАҚ КОРОЛІ»

ӨМІРІНІҢ БАЛ МЕН МҰЗЫ

Бәріміз балмұздақты жақсы көреміз, бірақ тек жегенді ғана. Ал оны өндіру, сату – екінің бірінің қолынан келе бермейтін іс. Өмірінің кәдімгі біршама жылын осы бір таңсық астың жасалу жолына, оны осыған дейін еш жерде қайталанбайтын дәмін жасап шығаруға арнаған жан бар. Ол – Нұралы Оспанов. Бүгінде күллі жұрт «Балмұздақ королі» атап кеткен осы бір азаматтан біз сұхбат алуды жөн көрдік. Ондағы мақсат – жетістікке жеткен азаматтың табысын санау емес, өмір мектебінен сабақ алу.

Бәрі де1992 жылы жылы басталса керек...

Күш-қайрат пен өмірге деген құштарлығы тасып тұрған жігіт, Отан алдындағы борышын орындап, әскерден келеді. Кеңес Одағы ыдырап жатқан аласапыран кез.Тоқсаныншы жылдардың тоқырауы... Зауыт-фабрикалар жабылып, өндіріс тоқтап, жұмыссыз қалған халықтың қатты күйзеліске ұшыраған тұсы. Егер, жалқау, бойкүйез жандардың қатарынан болса, жас жігіт «жұмыс жоқ қой» деп сылтауратып, қолын қусырып отыра берер ме еді... Нұралы Әмірәліұлы өйткен жоқ. Ол қай кезде де тығырықтан шығатын жолдың барын біліп, осы тұста да бір нәрсе істеу керек деген ой түйген болатын. Сөйтіп жүрген күндердің бірінде қаладағы ең дәмді балмұздақты сататын еврей азаматының еліне қайтпақ болып, құйма балмұздақ аппаратын сататынын естиді. Ел-жұрттың соңғы тиынын берсе де, сол балмұздақты алатынын білетін жігіт, дереу сол аппаратты алып қалуды жөн көреді. Айтқан бағасын беріп, сатып алады. Алайда, ең қиыны әлгі аппараттың иесі балмұздақты неден жасайтынын айтпай, яғни рецептін бермей кеткен еді. Себебін сұрағанда ол «егер оны саған айтсам, бұл кәсіп саған жұқпайды, мұндағы бар табыстың кілті сонда – сен оны өзің табуың керек. Сол кезде ғана бұл істің



соңына дейін барасың» дейді. Ал, содан ізденіс басталады. Шыны керек, істің машақатын Нұралы осы тұста аңғарады. Себебі басында «адамның істегенін адам істейді ғой, тәуекел» деп алғанда ол балмұздақ рецептін, дәмі тіл үйіретін рецептін табу соншалықты қиынға соға қоймас деп ойлаған болатын. Әйтсе де, ол қателесіпті. Себебі жеме-жемге келгенде ойдағыдай рецептіні табуға бір жыл емес, оның бақандай бес жылы кетеді. Бес жылда нені көрмеді десеңші өзі де?! Ананы қосады, болмайды, мынаны қосады болмайды. Кейде тіпті түнімен «тәтті балмұздақты қалай шығарсам болады екен?» деп ойлаумен көз ілмей шыққан кездері де болды. «Өйткені қарапайым халық дәмі көңілінен шықпаса, бір күн жер, екі күн жер, үшінші күні саған ат ізін салмай кетері даусыз» дейді ол. Дегенмен, «Іздеген жетер мұратқа» дегендей, ізденістің түбі жақсы нәтижеге алып баратыны сөзсіз еді. Нұралы бес жыл дегенде ақыры нағыз өзі қалаған балмұздаққа қол жеткізген еді. Бұл – жай сатушының емес, бұл кәдімгі біртұтас өндіріс иесіне қойылар ауыр жүк еді. Жігіт жас та болса, өзінің табандылығын, ойын, жастық жігерін осылайша ел игілігіне сарп етті.



Сатушыдан – өндірушілікке: бір маусымда 500 тоннаға дейін балмұздақ...

Өмір бір орында тұрмайды... Күндер өтті, жылдар жылжып, халық тауқыметтен аз да болса арылып, жадыраңқы күндер келіп жетті. Енді олардың талабы да өзгеруі заңды еді. Бұрындары қарапайым ғана құйылмалы балмұздақты жей беретін жұрттың талғамы өзгерді. Бұған сырттан кірген тауарлар ағымы да әсер еткен еді. Сол себепті 2000 жылдардың басында жас кәсіпкер фабрикалық балмұздаққа көшеді. Басында дәстүрлі сауда тәсілі бойынша Бішкек, Алматы, Шымкенттен тасып, сатып жүрген Нұралы осы тұста да ойға қалады. «Адамның істегенін адам істейді. Ендеше, неге бір жақтан тасымай, осы балмұздақты өзім өндірмеске?» - дейді, бір күні өзіне. Әу бастағы ештеңеден қорықпай, тәуекелге бара алатын қайсар мінезі оның тың жатқан егістік жерді сатып алып, құрылыс салуына ықпал етеді.

«Бір жағы жастық жалын ғой, қаражатымның жеткіліксіздігіне қарамай, банктен 64 миллион теңге алдым. Ол кезде 64 миллион деген аз ақша емес! Тағы бір қызығы, не салатынымды білмеймін, дайын жоба да жоқ, жөн сілтейтін адам да жоқ. Өзіме істеуге тура келді бәрін. Іздену үшін Қытайда үш жыл жүрдім. Соңында өзімнің тұрып жатқан үйімді, жерімді кепілге қойдым да, бастап кеттім. Қазір соны ойласам қорқамын. Бүгінде жасым 50-ге кеп қалды. Адам жасы ұлғайған сайын қорқа береді екен. Жас кезде Алла тағала күш-қуат береді екен өзі. Таңның атысы, күннің батысы жұмыстың басында болып, ақыры 2011 жылы зауыт салынып бітті. 2013 жылдан бастап, өнім шығара бастадық», - дейді ол.

Осылайша таудай ізденістің нәтижесі расында үлкен жетістікке жетеледі. Бүгінде Нұралы Оспанов басқаратын балмұздақ фабрикасында бір маусымда 500 тоннаға дейін балмұздақ шығады. Түркістан ғана емес, «Тайқазан», «Яссы», «Голд» деп аталатын балмұздақтың 60 түрі жалпы облыс, Шымкент, Қызылорда, қала берді тіпті батыстағы Ақтөбе мен солтүстіктегі Қостанайға дейін тарайды. Қазірдің өзінде осы бір өндіріс орнынан тапқан табысымен 60-70 адам отбасын асырап отыр. Орташа жалақы 50-60 мың теңге, ең жоғарғы айлық 300 мың теңгеге дейін барады екен. Жұмыс екі ауысыммен. Тағы бір айтарлығы, бүгінде отандық кәсіпкерлерге шын мәнінде мемлекет қолдау білдіреді. Бұрын күніне 3 сағаттап электр қуаты берілмесе, бүгінде күндіз-түні жарық, электр қуатымен мемлекет қамтамасыз еткен. Жергілікті билік жағдай жасаған соң, әрине жұмыстың ілгері басуы анық. Бүгінде Нұралы Әмірәліұлы 300 милион теңге көлеміндегі ірі жобаны қолға алғысы келіп жүр. Ол жоба мақсаты – қаймақ, айран, құрт, ірімшік секілді сүт өнімдерін шығару.

«Сапаға мән берген бизнес қана ұзақ жасайды»

Бұл – қиын-қыстау заманда тек өз ақылы



мен күш-жігерінің арқасында бүгінге жеткен кәнігі кәсіпкердің өмірден түйгені. «Тез пайда табам деген адам қай салада болсын, көпке бармасы анық» дейді ол. Себебі халық сапасы өз көңілінен шықпаған дүниеден бірден теріс айналады. Ал халық тұтынбаған соң, яғни, тауарың өтпегеннен кейін не пайда?! Және, Нұралы өз бизнесінің тек пайда жағын ғана емес, халық денсаулығына да мән берген.

«Мысалы Ресей бізден суық болмаса, жылы емес. Бірақ олар жыл бойына балмұздақ жей береді.Қалай? Біз күн суықта жесек, тамағымыз ауырып қалады дейміз ғой? Ал олар тамақтарын үйреткен. Біздікі негізі дұрыс емес. Балмұздақ адамның көңіл-күйін көтереді. Балмұздақ адамның жүйкесін тыныштандырады. Оны мен ойлап тапқан жоқпын, ғалымдар айтады. Яғни біз халыққа қыстың күні де балмұздақ жеуді ұсынамыз. Жеу керек. Бірақ жеу керек деп, таңнан қара кешке дейін емес, кешкі астан соң, десерт ретінде», – дейді бүгінде өзі бірнеше бала тәрбиелеп өсірген отағасы ретінде.

«Кез келген табысты ер азаматтың артында ақылды әйел тұрады»

Дана халқымыз «ері – түзде, әйел – үйде» деп текке айтпаған ғой. Нұралы Оспанов та жоғарыда айтқанымыздай бір ғана балмұздақтың төңірегінде қаншама жылын арнап, жылдап түзде жүрген кездері болды. Сондайда әрине, үйдің тыныштығы мен бала-шағаның тәрбиесін үйдегі жеңгейге сеніп тапсырған. Бұл – ол кісінің күйеуін қолдауы емей немене? Дегенмен, ағамыз «Кәсіпке келгенде шешімді өзім шығарамын. Әркез әйелге мойын бұра беретін ерден кәсіпкер шықпайды», – дейді нағыз ерлерше. Онысы рас, жалтақ адамның үлкен істе батылдыққа бара алмасы айдан анық. Ол үшін адамның өзінің тұлғалық қасиеті болуы керек.

Адам өмірі тақтайдай тегіс жолдан тұрмасы анық. Нұралы Оспановтың да осы жолда көрген қиындықтары көп, бірақ онысы тек өзіне ғана аян. Бір-екі жыл, әсіресе бастапқы кездері пайда түгілі, ісінің кері кеткен сәттері болыпты. Қиналғанда тіпті, «неге осы істі бастадым екен, тып-тыныш дүкен салып, жата бермей?» деген де түрлі ойлар келгенін жасырмайды. Себебі балмұздақты құр сатқан жоқ, жігіт ағасы оны өндірді ғой? Ал ол – расында өте үлкен бастама. «Сондайда түнде ала тайдай ойым бүлінеді, бірақ таңертең тұрам да, түк болмағандай қайта кірісемін. «Шегінерге жер жоқ, артымызда Мәскеу» еді себебі… Мұндайда кімге де болсын оңай тимейді. Тек ішкі сенімі өте мықты жандар ғана табандылық танытып, соңына дейін жетеді. Ал табаны тайғанақ жандар, морт сынып, мақсатынан айнып кетуі мүмкін. «Бірақ қазір қарап тұрсам, жас та болса, барлығын дұрыс жасаппын. Соның арқасында, мінекей тұрмысымыз жаман емес. Қаншама адамға жұмыс беріп те отырмыз. Шүкір. Өмірім босқа өткен жоқ», – дейді жігіт ағасы.

Әкесі баласына «абайлап жүр» десе, баласы «сіз абайлаңыз, себебі ізіңізден мен келе жатырмын» деген екен…

«Шешем өмірден ерте қайтты. Мен онда 8 сыныпта оқып жүргенмін. Сондықтан әжеміз бауырына басты. Әкеміз момын адам еді. Бізге ешкімнің ала жібін аттамауды үйретті. Бүгінде мен де өз балаларыма соны үйретіп жатырмын. Өзім ешкімді алдамаймын, өтірік айтқан адамды маңыма жуытқым келмейді. Сондайақ екі сөйлеу де жігіттікке жатпайды. Бір сөзді болу керек. Қысқасы, екі сөйлеме, өтірік айтпа және де ұлтжанды бол. Менің өзімнің де және бала тәрбиесіндегі ұстанымым да осы…», – дейді Нұралы Оспанов.

Қазақ «көп жасағаннан емес, көпті көргеннен сұра» дейді. Міне, осы сөз Нұралы Әмірәліұлы сияқты адамдарға арналған секілді. Себебі ол жас та болса, өмірдің қиындығын көріп, сол ұрымтал сәттен ұтымды шешім таба біліп, үлкен мақсатқа ұмтыла білді. Иә, ол бүгінгінің жастары секілді шетелде білім алмаған шығар. Бірақ ол нағыз өмірдің мектебінен білім алды. Өмірін өз рахатына емес, халқының игілігіне арнады. Және, әлі де жас. Әлі де талай тың идеяларды жүзеге асыруға шамасы жетеді. Және оның үлкен-үлкен армандары да бар. Бір нәрсе анық, Нұралы бүгінде неге қол жеткізсе де, өз еңбегі мен өз ізденісінің арқасында жетті. «Әкесінен қалған мал» жоқ. Олай деуге ешкімнің батылы да бармайды. Сондықтан қай кезде де, кімнің алдында да осынау жігіт ағасының абыройы биік, жүзі жарқын! Осының бәріне ол ең алдымен табанды мінезінің арқасында қол жеткізді. «Мінезсіз адамнан ештеңе шықпайды», - дейді өзі… Міне, «Балмұздақ королінің» жүріп өткен жолы жайлы қысқаша осылай айтуға болады… Үйренем деген адамға алар сабақ мол.


Мәриям ӘБСАТТАР,
Түркістан қаласы

АҚШ-ТЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРНАМАСЫ

АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫНЫҢ 13 ШТАТЫ БІРТҰТАС ҚАБЫЛДАҒАН ТҰҒЫРНАМАСЫ

Құрылтай, 1776 Жылы 4 Шілде

Аударған:
Ұланбатыр БАҚЫТХАНҰЛЫ.
АҚШ, Нью-Йорк



АҚШ-та тұратын Ұланбатыр Бақытханұлы латын әліпбиі, Алаш тақырыбында қалам тербеп жүрген қандасымыз. Ел тәуелсіздігі қарсаңында алпауыт елдің сонау 1776 жылы қабылданған тәуелсіздік декларациясын қазақ тіліне аударуды жөн санапты. Ендеше, өзге елдің тәжірибесін оқырман назарына ұсынып отырмыз.

Адамзат оқиғаларының даму барысында, бір елдің басқа бір елмен саяси сабақтастығын үзуге тура келетін тұсында, яғни жаратылыс заңдылықтарына және Жаратқан Иенің бұйыруына сай, әлем алпауыттарының арасындағы дербес әрі тең тұрғыға жеткен шағында, адамзат көзқарасына деген ізгі құрмет олардың тәуелсіздікке тәу етер уәждерін тұғырлауын талап етеді.

Біз мынау ақиқаттарды айдан анық деп санаймыз: барлық адам баласы тең жаралған, Жаратушы оларға ажырамас құқықтарды нәсіп еткен, солардың арасында өмір, азаттық және бақытқа ұмтылу құқықтары бар. Осы құқықтарға кепілдік ету үшін, адамдардың арасында үкіметтер құрылған. Олардың өкілеттілігінің өзі басқарылатын жақтың келісімімен атқарылған. Қашанда қандай бір түрдегі үкімет бұл мұраттарға кесірін тигізсе, халық оны өзгертуге немесе жоюға иә дәл сондай қағидаларға табан тірейтін және тура осындай үлгіде



билігін құратын һәм олардың амандығы мен бақытын барынша әлеуттендіретін жаңа үкімет орнатуға құқылы. Даналық, шындығында, құрылғанына едәуір заман болған үкіметтердің жеңіл және өтпелі себептерге бола өзгеруге тиісті емес екендіктерін көрсетеді. Соған сәйкес, барлық тәжірибе сабақтарға жүгінсек, адамдар өздері үйреніп кеткен қалыптарды тастап, өздерін оңауға қарағанда, көтере алатындай болса болғаны, қиындықтарға шыдауға пейіл келеді. Бірақ, өзгеріссіз ұқсас нысанада болған қиянат пен зорлық-зомбылықтың ұзын тізбегі елді бүкілдей өктемдік астында бағындыру жоспарын көрсеткен кезде, олар бұндай үкіметті аударып тастауға, тағы өздерінің болашақ қауіпсіздігіне жаңа кепілдіктер қоюға қақылы әрі міндетті.

Осынау Отарлардың төзіп келген машақаты тап осылай болғанды. Міне, бұл оларды өздерінің әуелгі үкімет жүйесін өзгертуге мәжбүрлейтін қажеттілік-дүр. Ұлыбританияның қазіргі патшасының тарихының барлығы Штаттарға нағыз зұлым үстемдік орнатуды тікелей нысана еткен зорлық-зобалаң мен талан-таражылықтың қайталанған бір естемесі. Бұны дәлелдемекке, шындықтар әділ әлемге жеткізілсін.

Ол ел игілігіне ең пайдалы әрі қажетті заңдарды мақұлдаудан бас тартты.

Ол өз әкімдерінің шұғыл және маңыздылығы басым заңдарды қабылдауларын шектеді. Әйтпесе олардың істерін өзінің мақұлдауын беруге тиісті болғанша кідіртті. Сосын, осылайша тоқтатып қойғанда, оларды мүлдем елеп-ескермеді.

Ол жұртшылық заң шығарушы биліктегі өкілдік құқықтарынан уаз кешпейінше, жалпы өңірдегі халықтың тың игеруіне арналған басқа заңдардың қабылдануын тойтарды, ал мұндай құқық олар үшін баға жетпес болса, тек қатыгез билеушілерге қауыпты болды.

Ол заң шығарушы құзырлы тарауларды өзгеше, жайсыз әрі мұрағаттар сақталған орындардан қашық жерлерде жиналыстарға шақырды. Сондағы діттеген мақсаты оларды арып-шаршатып, өзінің әміріне көндіру болатын.

Ол адамдардың құқығына сұғанақтық жасауына ерлікпен табанды қарсы тұрғандықтары үшін өкілдер құрылтайын талай рет таратып жіберді.

Ол дәл осындай таратулардан кейін, өзге құрылтайларға қаулы қабылданып кетуін ұзақ уақыт бойы тойтарып келді. Әйтеседе, заң шығарушы құзыретті мекемелер жойылуға болмайтындықтан, қалың елдің игілігіне қайта оралған. Сол кезеңде бүкіл ел әлі де сыртқы шапқыншылық пен ішкі дүрбелеңдердің қауып-қатеріне душар жағдайда еді.

Ол осы Штаттардың жан санының артуына бөгет болуға тырысты. Сол ниеті үшін шетелдіктердің азаматтық алу заңдарын күрделендірді. Қоныс аударушыларды келуге ынталандыратын басқа заң-жобаларды қабылдаудан бас тартты, сондай-ақ тың жер үлесінің шарттарын көтеріп жіберді.

Ол әділет басқармаларын құруға арналған заңдарды мақұлдаудан бас тарту арқылы сот әкімшілігіне кедергі келтірді.

Ол сот төрешілерін кеңсе меншігіне, еңбекақысына және төлеміне қарай өз еркіне ғана тәуелді етіп қойды.

Ол көп түрдегі жаңа кеңселерді тіктеді, сосын тобырлаған



шенеуіктерін тағайындап, жәй бұқараларымызды жәбірлеп, олардың қан-терін сүліктей сорды.

Ол бейбіт заманның өзінде біздің заң шығарушы биліктеріміздың келісімінсіз арамызда тұрақты әскерлерін тұрғызып келді.

Ол әскери билікті тәуелсіз етумен қатар азаматтық биліктен жоғары қойып атқаруға мұрындық болды.

Ол біздің ата заңымызға жат және заңдарымыз жағынан мойындалмаған заң құзыретімен бағындырмаққа басқалармен бірлесті, олардың боя-ма заңнамалық жобаларына арнайы мақұлдық беріп келді:

Мұздай қаруланған алып әскери қосындарды біздің ортамызға тұрғызу үшін ;

Жалған сот арқылы оларды анау штаттардағы тұрғындарға жасау керек болған кісі өлтіру істерінің жазасынан қорғау үшін ;

Әлемнің бар тараптарымен жасаған саудамызды тоқтату үшін;

Келісусіз біздің мойнымызға салықты күштеп салу үшін ;

Көптеген жағдайда алқабилер сотының тиімділігінен айыру үшін ;

Жалған айыптармен бізді теңіз асырып соттап жіберу үшін ;

Көрші бір өлкедегі ағылшын заңдарының еркін жүйесін жоққа шығарып, онда кертартпа биілік орна-тып, содан іргесін кеңейту арқылы осы Отарларға бірдей дарабилік түзімін енгізудің мысалы және қолайлы құралы етіп бір жолда атқару үшін ;

Біздің ерекше жарғыларымызды күшінен қалдыру үшін, біздің ең құнды заңдарымызды керексіз ету үшін және біздің үкіметтеріміздің қалыптарын ірге тасымен озгерту үшін ;

Біздің өзімізге тән заң шығарушы биліктерімізді тоқтату үшін, тағы өздерін әрқандай жағдайда бізге заң шығаруға пәрменді деп дәріптеу үшін.

Ол бізді өзінің қорғауынан қалған деп жариялап, әрі бізге қарсы соғыс ашып, бұндағы үкіметтен бет бұрды.

Ол біздің теңіз аумақтарымызды тонап, жағалауларымызды жалмап, қалаларымызды өртеп, халқымызды қынадай қырғындады.

Ол бұл уақытта шетелдің қалың жалданбалы әскерлерін алып келіп, қырғын, ойран және зорлық-зобалаң салмақ, әлдеқашан басталған мұндай жауыздық пен сатқындыққа толы жәйіттер ең жабайы дәуірлермен зорға салыспақ. Яки ол бір өркениетті елдің елбасысы болуға толығымен лайықсыз.

Ол алып теңіздерде тұтқынға түскен өзіміздің отандастарымызды өз отанына қарсы қару алып шығуға, дос-жарандары мен бауырластарына ба-скесер болуға немесе өздерін олардың қолынан мерт болуға қинады.

Ол біздің ортамыздағы ішкі араздықтарды қоздырды. Және де ол аяусыз да қатал үндістерді шегаралардағы тұрғындарға қарсы ай-дап салуға тырысыты. Олардың айту-лы соғысу тәсілі бәрінің жас шама-сына, жынысына және жәйіна қарамай жаппай қыру болатын.

Әр жолғы езгілердің ауқымында, біз ең қарапайым тұрғыдан қалыпқа келтіруді өтініп келдік. Біздің сан мәрте жолданған өтініштерімізге тек қана қайталанған сұмдықтан жауап қайтты. Бір бекзада әрбір әрекетіне байланы-сты сипаты жағынан қатыгез билеуші саналса, онда ол еркін елдің әміршісі болуға сай емес.

Біз Британдық бауырластарымыз-ды назардан тыс қалдырмадық. Біз олардың заң шығарушы билік арқылы негізсіз бір сот жүргізу құқығын басы-мыздан асырмақ болған оқталыстары жайында ауық-ауық ескерту жасадық. Біз оларға өзіміздің қоныс аудару және осында қоныс тебу хал-жайларымызды аңыс еттік. Біз олардың табиғатына тән әділеттілігі мен кеңпейілдігіне үндеу тастадық. Біз тағы тегіміз бір туысқандығымызбен олардың қарым-қатынасымызды және барыс-келісімізді сөзсіз бұзатын талан-таражылықтан аулақ болуын өтіндік. Оләр да әділеттілік пен тектестіктің әуеніне кереңдік танытты. Демек, біз олардан бөлінгенімізді

мағұлымдайтын мұқтаждыққа түсуге тиіспіз, біз оларғада басқа жұртқа қаратқан ұстанымда боламыз : соғыста жаумыз, бейбітшілікте доспыз.

Біз, ендеше, Америка Құрама Штаттарының өкілдері жиналған жалпы құрылтайда әлемнің жоғары сотын ниетіміздің туралығына куә болуға шақырып, осы Отарлардағы игі халықтың атымен және билігімен, салтанатты түрде Құрама Отарлардың аты-затына сай егемен және тәуелсіз



Штаттар болғанын һәм болуға қақылы екенін жар салып жариялаймыз ; Олардың Британия патшалығына бар адалдығынан ада болғандығын, олардың Ұлыбритания елімен болған барлық саяси қарым-қатынасының бүкілдей үзілуі керектігін жариялаймыз. Әрі егемен және тәуелсіз Штаттар есебінде, олардың соғыс жариялауға, бейбітшілікке келуге, одақтармен келісім-шарттарға отыруға, сауда-саттық жүргізуге, өз тізгіні өзінде бөлек мемлекет ретінде тағы да басқа істеуге тиісті харакеттер мен істерді орындауға толық қуаты барлығын жариялаймыз. Һәм бұл тұғырнамаға тірек болуға, біз Құдайдың құдыретті қамқорлығына деген берік сеніммен бірге, өз өмірімізбен, қазынамызбен және қасиетті даңқымызбен өзара ант етеміз.

НЬЮ-ГЭМПШИР
- *Джосайя Бартлет*
- *Вильям Уипл*
- *Мэтью Торнтон*

МАССАЧУСЕТС
- *Джон Адамс*
- *Сэмюэл Адамс*
- *Джон Хэнкок*
- *Роберт Трит Пейн*
- *Элбридж Герри*

РОД-АЙЛЕНД
- *Стивен Хопкинс*
- *Вильям Эллери*

КОННЕКТИКУТ
- *Роджер Шерман*
- *Саэмюэл Гонтингтон*
- *Вильям Вильямс*
- *Оливер Уолкот*

НЬЮ-ЙОРК
- *Вильям Флойд*
- *Филипп Ливингстон*
- *Фрэнсис Льюис*
- *Льюис Моррис*

НЬЮ-ДЖЕРСИ
- *Ричард Стоктон*
- *Джон Уизерспун*
- *Фрэнсис Хопкинсон*
- *Джон Харт*
- *Авраам Кларк*

ПЕНСИЛЬВАНИЯ
- *Роберт Моррис*
- *Бенджамин Франклин*
- *Бенджамин Раш*
- *Джон Мортон*
- *Джордж Клаймер*
- *Джеймс Смит*
- *Джордж Тэйлор*
- *Джеймс Уилсон*
- *Джордж Росс*

ДЕЛАВЭР
- *Сизар Родни*
- *Джордж Рид*
- *Томас Мак-Кин*

МЭРИЛЕНД
- *Сэмюэл Чейс*
- *Уильям Пака*
- *Томас Стоун*
- *Карролтаундык Чарльз Каррол*

ВИРГИНИЯ
- *Джордж Вит*
- *Ричард Генри Ли*
- *Томас Джефферсон*
- *Бенджамин Гаррисон*
- *Томас Нельсон, младший*
- *Фрэнсис Лайтфут Ли*
- *Картер Брэкстон*

СОЛТҮСТІК КАРОЛИНА
- *Вильям Гупер*
- *Джозеф Юз*
- *Джон Пенн*

ОҢТҮСТІК КАРОЛИНА
- *Эдуард Ротледж*
- *Томас Гейуард, младший*
- *Томас Линч, младший*
- *Артур Миддлтон*

ДЖОРДЖИЯ
- *Боттон Гвиннет*
- *Лайман Холл*
- *Джордж Уолтон*

Мұхит ТӨЛЕГЕН, теолог-ғалым:

«Дінтануы кемел елдің түтіні әрдайым түзу ұшады»



Адамзаттың дін саласы – қырқатпары көп, құпиясы қалың дүние, екінің бірінің жүрегі дауалап, бел шеше кірісе алмайды. Сіздің дәп дін саласын таңдауыңызға не себеп болды?

Қазақ ұлттық университетінде қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім алып жүргенде XX ғасырдың 70-жылдарына дейін тұнығы шайқалмай жеткен жыраулардың, көшелі сөз иелерінің Құдай, дін, рухани құбылыстарға қатысты жыр-толғаулары, арнаулары, мінәжаттары мені қатты қызықтыра бастады. Бұл тақырыптағы өлең-жырлар өте көп.

Қазақтың сүлейлер мектебі, шайырлар шоғыры, кітаби ақындары да руханият мәселесін өз шығармаларына ту етіп алып, адамгершілікті ізгілікті жыр, қиссалар мен көлемді дастандар арқылы елдің арасына таратып, халықты ынтымақ пен бірлікке үндеген.

Жүз ойланып, мың толғанып, болашақта білімімді дінтану саласында жалғастырып, көл-көсір алтын қазынаны, бағасы қымбат құндылықтарды зерттеуге шешім шығардым. Осы мақсатпен Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде дінтану мамандығы бойынша магистратурада оқыдым. Өз бетімше түрік тілін үйреніп, Түркияға докторантураға берілген грантты жеңіп алдым.

Дінтану – Түркияда барынша тамыр жайып, жемісін беріп келе жатқан іргелі ғылым. Бізде методологиялық-практикалық ұстындар жолға қойылып, жеке сала ретінде енді қалыптаса бастады. Дербес бағыт ретінде діни білім беру аясына енген теология – келешекте кез келген діни танымды сау ақылдың тезімен елеп-екшеп тұратын діни сауатты жас толқынды дамып-жетілдіру үшін өте маңызды.

Оқуы озық Түркияда «дін социологиясы», «дін аксиологиясы», «дін психологиясы», «дін философиясы» тармақтары зерттеледі. Сіз «дін психологиясы» тармағы бойынша Phd докторысыз, ғалым ретінде айтыңызшы: біздегі діни жамағат өркениет динамикасына тезірек ілесіп кетуі үшін қандай қадау-қадау шаруалар жасау керек?



– Түркиядағы «дін психологиясы», «дін социологиясы», «діндер тарихы», «дін философиясы» т.б. бөлімдерге бөлініп, мейлінше көркейген дінтану ғылымы – әлемдегі озық үлгілерді қажетіне пайдаланып, кәдесіне жаратып жатыр.

Мен «дін психологиясы» бойынша білім алдым. Психология – адамның сезімі, мінез-құлқы, ойлары мен түрлі сезімін зерттесе, дін психологиясы – адамның бір дінге бет бұрып, оның қағида-шарттарын ұстана бастағаннан кейінгі, дінді өмір салтына айналдырған кездегі мінез-құлқын, ой-санасын, ұстанымдарынын зерделейді.

Дін психологиясы – өте қызықты сала. Адамдардың бойындағы психологиялық құбылыстарға діннің әсерінің үлкен үлесі бар. Дін психологиясында «конверсия» деген ұғым бар. Адам бір дінді қабылдап, оның ережелеріне мойынсұнған кезде көзқарасы мен дүниетанымы түгел өзгеріп кетеді.

Қазір Қазақстанда көптеген жастар дінге бет бұрып жатыр, орта буынның да дінге деген қызығушылығы жоғары. Бұл жерде мынадай маңызды мәселелердің бетін ашып алу керек:

1. Олар дінге қалай келді?
2. Не әсер етті?
3. Дінді ақыл таразысына салып ұстанып жатыр ма?
4. Экономикалық-саяси мүддесі бар топтардың соңынан ілесіп кеткен жоқ па? т.с.с.

Менің зерттеу тақырыбым «Қазақстандағы мифологиялық діндарлықтың психологиялық платформасы мен функциялары» болғандықтан, мен діннің аксиологиялық қырына, яғни, адам мен қоғамға беретін құндылықтарына айрықша мән беремін.

Діндегі құндылық қабаты, яки, рухани шығармалар арқылы адамның сана-сезіміне, мінез-құлқына әсер ету, оның ішінде, біздің дәстүрлі ислам дінінде қиссалар, жыр-дастандар, жыраулардың сөздері мен уағыз-насихаттары менің зерттеу объектіме кіреді.

Бізде «миф» деген сөз – өтірік, жалған деген сияқты қабылданады. Бірақ, әлемдік дәстүрлі ұғым – мифтің құрамына бүкіл діннің құндылықтарын кіргізеді. Аңыз болсын, әфсанасы болсын, қиссасы болсын – кез келген діннің өзінің мифологиялық қабаты бар. Оның барлығы адамды түзетуге, адамның қиялын қарыштатуға, оның санасының көкжиегін барынша кеңейтіп, оған бейсаналы түрде ізгілік, адамгершілік, мейірімділік, махаббат сияқты қасиеттерді адамдардың бойына сіңіру үшін қолданылады.

Дәстүрлі дінде де адам құндылығын құрғақ қатаң шарттардан гөрі, діннің қисса түрінде, аңыз түрінде, әртүрлі насихат түрінде адамның бойына сіңіру кеңінен қолданылған.

Оны ең бірінші батыс ғалымдарының арасында байқаған, бүкіл елді аралап, әдеби мұраларын жазып алып, фольклорлық шығармаларды қағазға түсірген Радловтың таңқалып тұрып: «Қазақтардың арасындағы бір ғана қиссаның әсері – жүз молдадан артық тәрізді», – деп айтқан сөзі бар. Демек, қазақтардың қиссалар мен дастандарды дереу қабылдауының, ақын-жыраулардың қатты құрметтеуінің түйіні – әр адамның жанында, психикасында бір кереметті аңсау, аңыздық формада қабылдау, қисса түрінде қабылдау, әр нәрсені қабылдаған кезде бір

кереметке елтіп, қаһармандардың өмір жолын айтқан кезде де оны барынша әсірелеп, көркемдеп, бір өлең сөзбен жеткізіп, ерекше бір құлшыныспен, қызығушылықпен қабылдайтын қасиеті болған.

«Әдебиеттанытқыш» еңбегінде Ахмет Байтұрсынов: «Біздің қазақтар өлең-сөзге өте бейім болғандықтан, қожамолдалардың бәрі діннің насихаттарын өлең сөздерімен жолдап, қазақтарға терең сіңіріп, қазақтардың арасында осы діни қисса-дастандар тамырланып кеткен» – деп жазды.

Міне, біздің дәстүрлі діни түсінігіміздің тамырында қиссалар мен дастандардың аксиологиялық қабаты жатыр. Адам сол құндылықтарды жүрегіне сіңіріп, аңыз-қиссаның бәрін көкірегіне әбден толтырғаннан кейін барып, өз-өзінен діннің басқа шарттарын орындауға деген құлшыныс ояна бастайды.

Қасиетті Құранның үштен бір бөлігі қиссалардан, пайғамбарлар мен әулие-әмбиелер туралы әңгімелерден, ғибратты хикаялардан тұрады. Адамзат баласының бойындағы туа бітті табиғи қасиет – рухани мұқтаждық. Пайғамбарлар туралы өнегелі әңгімелерді естіген кезде адам оған бейсаналы түрде еліктейді, өзінің мінезін түзетуге тырысады. Өзі сондай адамгершілікке, ізгілікке құмарланып, сосын, жүрегі жұмсарып-жібіп, басқаға көмектесуге, жәрдемдесуге пейіл болады.

Біздің ата-бабамыз таза діннің тәлімді жолын мықты меңгерген. Біз осы жолды қайтадан қалпына келтіріп, дәстүрімізді жаңғыртсақ, біздің болашағымыз да, даму динамикамыз да жақсы жүреді. Діни жамағатымыз дәстүрлі сол сенімді дүниетанымымызды негізге алса, өркениетті имамдарға ілесіп кете алады, деп сенемін.

Елімізде қазақтың тарихы, мәдениеті, әдебиеті, этнографиясы, фольклоры, философиясынан хабары кем өздері адасқан жұтаң діншілдер еріткен жұрт қаптап кеткен жоқ па?

Діннің алғашқы қағидаларын үйреткен кезде ең бірінші оның құндылығын, мәйегін сөз өнері түрінде насихаттап, санасына сіңірсе, ол әрі қарай дұрыс қалыптасып, жетіліп көркейіп кете береді. Ал, егер бірден діннің қатаң шарттарын алға тартып, құрғақ уағыз бен құлшылық орындауды үнемі санасына тықпалай берсе, адасушылықтарға ұрынуы әбден ықтимал.Ол адам кейін діннің өзін жек көріп, мүлдем безіп кетуі де мүмкін. Діннің ең орасан қаупі –радикалды фундаментализм.

Радикалды фундаментализм қалай пайда болады?

Ең алдымен, адасқан жолдан пайда болады. Сосын, ұлттық болмыс бұзылып, рухани-мәдени қабат құнарсызданады. Мысалы, жас баланың санасы дүниені танудың алғашқы сатысында қиялын дамыту үшін аңыз-қиссаларға, әфсаналарға барынша мұқтаж болады. Осы кезде бойына ұлттық, дәстүрлі құндылықтарды құя білсе, оның бағыты дұрыс қалыптасады.

Қазақстанда көптеген діни жамағат бар, олардың өздерінің ұстанымдары, өздерін тәрбиелеу, жеткізу, оқу-ағарту тәсілдері бар. Көбі – кішкентай баланы отырғызып қойып, миына құрғақ уағыз бен жалаң сөзді барынша тықпалау әдісін



ұстанады. Әрине, дін үйретуде мұндай тәсілдің нәтижелілігін жоққа шығаруға болмас, бірақ, ауызды қу шөппен сүрткен құрғақ уағыздан баланың қиялы дамымай, ақыл-санасы өспей белгілі бір қалыптың, шеңбердің ішінде ғана қалып қояды...

Батыстың діни тәрбиесі, діни психологиясындағы ұтымды тәсіл: баланың қызығушылығын барынша ашу, әртүрлі амалдарды мейілінше мол іздестіру арқылы жаһандану шарттарына сәйкестендіре дамытуға ұмтылады. Сөз жоқ, батыстың бітімі бізге мүлдем жат.



Тіпті, Түркиядан, Арабстаннан тағы басқа елдерден алып келген әдет-дәстүрлердің өзі біздің дүниетанымымызға сәйкес емес.

Өйткені, біздің қанымызда, жанымызда қалыптасқан дәстүрлі дүниетанымымыз, дәстүрлі жолымыз бар, одан ажырап кете алмаймыз. Өзіміздің дәстүрлі дүниетанымымызға қайтадан оралып, Қожа Ахмет Яссауидің, Абай Құнанбайұлының, Шәкәрім Құдайбердіұлының, Мәшһүр Жүсіп Көпейдің және ақын-жыраулар қалдырып кеткен мұраларынан ортақ оқу-ағарту әдістемесін жасап, жастарды сусындап,тәлім беріп, тәрбиесіне қолдансақ, біз бірден өркениет көшіне ілесіп кетер едік.

Қожа Ахмет Яссауидің хикметтері – ғасырлар бойы қазақтың ғана емес, бүкіл түркі жұртының сусынын қандырып келеді. Ғибратты хикметтерінде баланыңбойына дарып, мінез-құлқының кемелдендіретін қаншама керемет қиссалар, аңыздар, өнегелі сөздер де бар.

Арғы-бергі қазақ тарихындағы жырдастандарды, қиссалары, шежірелерді өзінің киіз кітабына мұқият түсіре берген Мәшһүр Жүсіптің 30 том мұрасы артында қалған. Мәшһүр Жүсіптің маңызды-мәнді мұраларынан тәлім алған Баянауылдағы аядай бір ғана ауылдан 13 академик шықты. Жас кездегі тәлім-тәрбиенің тазалығы мен өрісті дамып-өрбуінен – қазақтың марқасқа тұлғалары пайда болды.

Бірін-бірі жалғап тұрған Абай мен Шәкәрімнің мұраларының дін мен руханиятымызды еселей дамытып, өркениетке жалғасып кетуімізге үлкен септігін тигізері даусыз. Біз дәстүрлі дүниетанымымыздың қымбат құндылықтарын ұрпағымыздың жүрегіне дарытатын жаңа тәсіл-жол тапсақ, керемет өркениет басталады, деп ойлаймын.

Философия докторы, профессор Досай Кенжетай: «Қазақтың рухани жады мен ұлттық генофондта «Диуани Хикмет» тұр. Жанына жақын хикметті тыңдағанда қазақтың рухы оянады. Яссауиден бастау алған барлық түркі шайырларының ғашықтық ғазалдары мінбердің биігінен естілсе, оқыған азаматтың бәрі сол жерден табыларына күмәнім жоқ. Осылар айтылмаған соң, оқыған азаматтар ой қуатын күшейту үшін батыс философиясына бет бұрып кетті» деген пікір айтады...

Досай ағамыз өзінің саналы ғұмырын Қожа Ахмет Яссауи бабамызға арнап, ғұламаның хикметтерін зерттеп-зерделеп, келешек ұрпаққа осынау орасан еңбектерді түсіну мен түсіндірудің жаңа әдістемесін ұсынып, аса қажетті, өте елеулі еңбек сіңіріп келе жатқан оқымысты ғана емес, Қазақстандағы дінтану саласының философиясы және гуманитарлық-әлеуметтік



ғылымдар айдынында да шоқтығы биік ғалым.

Кезінде совет өкіметі өзінің қарамағындағы бүкіл Орта Азия мемлекеттерін алуан түрлі айла-амалдармен орыстандырып, ұлттық келбетінен мүлдем айырғысы келді.

Атеистер қоғамы дегеннің басшысы Емелян Ярославский Сталинге кіріп: «Орта Азиядағы бес елге экспедицияға барып, олардың ұстанатын негізгі сенімдері қандай, олардың құндылықтары неге сүйенгендігін зерттегім келеді» – деп, рұқсатын алып, Қазақстан бастаған бес елге экспедицияға келеді. Бес елді зерттеген бесеуінің де монографиясында бәрінің ойы бір жерден шығып: «Бұл елдердің бәрінің қатты ұстанатыны – Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани Хикметі» екен» – деген қорытынды жасайды.

Әр елдің, әр үйдің төрінде Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани хикметі» былғары сөмкенің ішінде ілініп тұрған. Қазақстанда, Өзбекстанда, Түркменстанда, Қырғызстанда, Тәжікстанда ақсақалдар түгелдей Қожа Ахмет Яссауиді айрықша құрмет тұтып, өмірін, қызметін, еңбектерін үнемі жастарға жаттатып отырады.

Соның арқасында Орта Азия елдерінде азғындық, бір-біріне өшпенділік, жабайылық жоқ. Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани Хикметінің» арқасында қалыптасқан арды, иманды берік тұтады, бәрі елді қорғайтын кезде бір кісідей болып азаматтары атқа қонады. Біздің өзіміз 2017 жылы «Яссауи Феномен» деген еңбекті жазу барысында осыған көз жеткіздік. Қазақтың жыраулары мен түркінің ақындары да Қожа Ахмет Яссауидің хикметтерін жатқа айтып, өздері де керемет жырлар мен ғазалдар жазып, үлкен өркениет көшін қалыптастырған.

Мен Түркияда оқыған кезде Мәснәуимен таныстым. Мәснәуинде бәрі хикаямен, аңызбен, ертегімен береді. Қазіргі кезде түріктердің мектеп жасындағы балаларына мәснауидегі хикаяларды ұсынып, жас ұрпақ тәрбиесіне қолданады.

Біздің қазақтың Қожа Ахмет Яссауиі, біздің ақын-жыраулармыз жұрттың көңілкүйіне, жұрттың психологиясына, рухына әсер ету үшін құндылықты, аңыз-қиссаны солай таңдаған.

Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани Хикметін» оқыту мақсатында Яссауитану республикалық оқуы болғанда өзім басқасында жүріп, байқағаным – Қожа Ахмет Яссауидің хикметін жаттап жүрегіне сіңіріп, жұрттың алдына шығып айтқан балалар өмірде өз орындарын тауып, жақсы азамат болып қалыптасып жатыр. Олар Қазақстанның әр кетігіне бір-бір кірпіш болып қаланып, өсіп-өркендеуде.

Яссауидің хикметін жаттап, діліне тоқығандар құрметтерін жаyhар жырларымен білдірген. Яссауи жайлы жырлаған шайырлар дәстүрі Бақырғанидан бері – Құл Убайди, Сопы Аллаяр, Құл Шариф, Мұхамбет Шайбани, Мақтымқұлы Пырағы болып, толассыз жалғасып келді.

Қазақтың ақын-жыраулары Мәшһүр Жүсіп, Қашаған, Сәттіғұл, Сүгір, Ақтан, Шораяқтың Омары, Балмағамбет Балқыбайұлының толғаулары сақталған. Мәселен, Балмағамбет Балқыбайұлы:

«Қожа Ахмет Яссауи,
Силсаласы – силсалам,
Атын білген бар ғалам.
Қарсылық қылып ол затқа,
Сөз айтпайды бір кәләм.
Іздеп тауып Арыстан бап,
«Бері кел, – деді, – «ей, балам!»



Шақырып алып баланың,
Нышанасын көріпті,
Аманатын Расулдың
Аузынан алып беріпті»– деп жырлаған.

Біздің бабаларымыздың асыл мұралары –жүректі тазартуға бағытталған, жүрегі тазарған адам ғана өмірдегі оң-терісті анық тани алады. Қожа Ахмет Яссауидің адамның ой-санасын дұрыс қалыптастыру бағытында ерен еңбектерін насихаттауды жүйелі жолға қойсақ, батыстық философияға кіріптар болмай-мыз. Өйткені, дінтану ғылымы кемел елдің түтіні – әрдайым түзу ұшады...

Әдетте, біз көбіне түйіні шешілмеген шиеленісті мәселелерді талқылаймыз. Қалай ойлайсыз, шешім туралы да ай-татын уақыт жеткен жоқ па?

Шынымен, «жылап-сықтап, жамырап-дабырлай бергеннен» ештеңе шықпайды. Сөзден іске көшіп, нақты бір жоспарлар құрып, бағдарлама жасайтын кез келді...

Логотерапия деген ғажап бір ғылымда – дін психологиясы да қарастырылады. Себебі, адамның рухын басты назарға ала-тын логотерапия – дінді жоққа шығармайды. Бұрынғы психологтардың бәрі «адам –тән мен жаннан тұрады» деп келсе, логоте-рапия «адамның үшінші қабаты – рух»-ты қосады.

Адамды айуаннан ерекшелейтін қасиеті – рухы. Дін мәселесінде «Қандай құндылық өндіруге болады, қазіргі жастардың сұранысы неде, олардың руха-ни мұқтаждығын қалай беру керек?» деген мәселе төңірегінде жұмыс жасау керек. Ол үшін кітаптар шығарып, лекциялар оқып, мектеп оқушылары және жастармен кез-десулер өткізіп жүрміз. Бұл ретте қазақтың руханиятына мың жылдан аса нәр беріп келген баға жетпес мол мұраларымызды қазіргі заманның әртүрлі технологияларын-на лайықтап дәріптесе – нұр үстіне нұр бо-лар еді.

Діни сауатты жетілдіру үшін ақпараттық мекемелерде, діни құлшылық ғимараттары мен оқу орындарында – құндылықтарды кітап түрінде, аудио, видео түрінде ұсынып, бетпе-бет әңгімелессе – әсері айрықша зор болары сөзсіз.

Жастармен сөйлескенде рухани салаға деген мұқтаждықтарын байқаймыз, көңілдерінде қаншама сұрақтары бар, сол сауалдарына жауап алса, көңілдері толып, марқаяр еді...

Шиеленісті шешімнің жолы – тәрбиені қолға алып, рухани құндылықтармен қанағаттандыру шығар...

Баланың 6-7 жасынан бастап руха-ни мұқтаждығын толықтырып, тәрбиелей білсек, бүгінгі күнгі байқалып жатқан келеңсіздіктердің алдын алар едік. Қазір ата-аналарда: «Ақша тауып, баламыз-ды дүниеден тарықтырмасақ, бірінші – жағдайын қарық қылып алсақ, онан соң, құрбы-құрдастарының алдында кем боп қалмаса, әйтеуір, солардың алдында еңсесі түспейтіндей жағдайда болса – соның өзі жеткілікті» – деген психология бар. Виктор Франкл айтады: «Сіз бірінші балаңыз ауырмасын-сырқамасын, тамағы тоқ болсын деп, одан кейін театрға, басқа да сұранған жеріне билет алып жібересіз. Бірақ, сонда да балаңыздың көңілі тол-майды. Өйткені, сіз баланың үшінші – ру-хани мұқтаждығының бар екенін ұмытып кеткенсіз. Ол сізден мейірім сұрап тұр, махаббат сұрап тұр, шөліркеп бір нәрсені

іздеп тұр. Соны бере білсеңіз, балаңыз әрі қарай керемет дамып өсер еді» – дейді.

Қазіргі кездегі суицидтің негізгі себебі ретінде біз осы нәрсені көреміз. Мысалы, Қазақстан жасөспірімдер суициді бойынша төртінші орынға келді. Өз-өзіне қол жұмсаудың себебін көбісі «әке-шешесінің материалдықжағдайытөменболғандықтан, ақшасы болмағандықтан» дейді. Алайда, мұндай жағдайлар ауқатты, дәулетті отбасылардың өзінде көп болып шықты. Сонда негізі мәселе – ата-аналарының балаларына көңіл бөлмейтіндіктері, назар аудармайтындықтары себеп деуге негіз бар. Бір нәрсе сұраса, қолын бір сілтей салып кетіп қалады, оның сұраған қалауына жауап бермейді. Содан бала өзін «артық», «керексіз» адам сияқты сезініп, ақыры, суицидке ұрынады. Тіпті, суицид болмаса да – депрессияға, стресске түсіп, мінезінде тұйықтық, өте теріс өзгеріс болады...

Ең бірінші, дастарқан басында әңгіме өрбітіп, баламен ересек адам сияқты әңгімелесіп, оның көкейіндегі сұрағын біліп, соған өзінің назарын аударған кезде – бала да өзін толыққанды сезініп, осы қоғамдағы өзінің де бір орны бар екенін түйсініп, жауапкершілік алып, өсіп-дамып кете береді. Қазақта: «Балаңды 5-ке дейін – патшадай еркелет, одан кейін – құлыңдай жұмса, 13-тен әрі қарай – досыңдай сырлас» деген нақыл бекер айтылмаған. Өзіңнің білетін құндылықтарыңның бәрін балаға үйретіп, баланың көкейіндегі дүниені тануға қатысты сұрақтарға жауап берсе, бала жақсы өседі.

Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұясында» осы нәрсені керемет жазады: «Өмірде кездестірген барлық адамдарды – таразының бір басына, онан кейін сүйегі қурап қалған әжемді – таразының екінші жағына қойсам, онда әжем әлдеқайда ауыр тартып кетеді» –дейді.

Алаштың батыры Бауыржан Момышұлының тұлға болып қалыптасуына кішкентай кезіндегі әжесінің құлағына сіңірген құндылықтары әсер еткендігін өзі: «Әжем кішкентай кезімде көзімді тырнап ашқалы маған дүниені танытты, аңыздар айтып берді, ертегілер, небір ғажап жыр-дастандар айтты. Алпамыс, Қобыландылардың ерлік қасиеттері маған жұқты. Әжемнің айтқан жыр-дастандары, аңыз-қиссалары мені қалыптастырды. Сондықтан, әжемнің алдында мың да бір борыштармын» – деп жазып, ерекше емірене есіне алады.

Қазіргі әжелеріміз де рухани кітаптарды оқып, дастарқан басында бір-екі ғибратты тәмсілден, хикаядан айтып, баланың санасына сіңіруге болады. Бір айда бала міндетті түрде әңгімеге қосылатын болады. Жас ұрпақтың рухани тәрбиесі – әрбір ата-ананың өз қолында.

40 жастан кейін басталатын профессионал ғұмыр туралы айта кетіңізші?

Жасы 40-тан асқаннан кейін адам баласы бұрын-соңды байқалмаған беймәлім бір күшті сезініп, ол ішінен қысып-аласұртып, сыртқа шыққысы келіп тұрады. Сол кезде ол өмірдің жаңа бір сатысына шығып, рухының мұқтаждығын тауып, дұрыс жолға түсіп кете алады. Ал сол кезде өзінің жолын таба алмай қалған, өзінің ішіндегі потенциалын жүзеге асыра алмай қалғандар – ішкі қуатты тұншықтыру үшін теріс жолдарға түсіп кетуі мүмкін...

Бүкіл кемеңгерлердің, ғұламалардың бәрінің профессионалдық өмірі қырықтан кейін басталған. Мұны «тек қана ғұламаларға тән» деп айтуға болмайды. Қырықтан кейін екінші тыныстың ашылатыны – әр адамға тән. Сондықтан, осы кезде бала тәрбиесіне шын ниетімен, ықыласымен кіріссе, дұрыс арнасын табады.

Түркиядан алған біліміңізді өз елімізде кеңінен қолданудың арнайы жоспар-бағдарламасы қандай?

Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде студенттерге сабақ-дәріс беріп, оқытушылық қызметімді бастамақшымын. Тың идеялар арқылы қазақ руханиятының дамуына, жастардың тәрбиесі мен ізденісіне қолымнан келгенінше өз үлесімді қоссам деймін. Тек Түркістанмен шектелмей, Қазақстанның басқа да өңірлері мен аймақтарында оқу-ағарту саласында өзімнің білімімді және тәжірибемді жұртпен бөліспек ойым бар.

Жалпы, біз, «Отбасы хрестоматиясы» қорындағы бір топ авторлар 11 кітапты жарыққа шығардық. Алғашқы таралымы 80 мыңнан асты. Бұл жұмыс әлі жалғасын табады.

Әңгімелескен Гүлжаз ҚАРЫБЕК,
Түркістан-Стамбул

ТӨРТ ҚАҚПАЛЫ ТҮРКІСТАННАН ШЫҚҚАН ҚАҚПА ЖАСАУ ШЕБЕРІ

Қазақ қай істі болсын, өз ісінің шебері жасағанын қалайды. «Торғай сойса да, қасап сойсын» дегенді халқымыз бекер айтпаған. Себебі қай заманда да өз ісінің шеберін табу өте қиын. Өйткені шеберлік қаншама жылдық ізденісті, қаншама машақатты талап етеді. Сондықтан, адамдардың дені ол жолмен емес, оңай жолмен өтіп, тез әрі оңай олжаға кенелгісі келеді. Дегенмен, бір істі бастап, соның соңына дейін жететіндер бар. Соның бірі – Бегман Әбдірашитұлы. Ол – темірден түйін түйгенде, кәдімгі өнер туындысы деңгейіне жеткізе біледі. Сол себепті де бүгінде оның қолынан шыққан темір қақпаны Түркістан, Шымкент, Қызылорда, Атырау, Қазалы, тіпті Алматы тұрғындарына дейін арнайы іздеп, тапсырыспен жасатады. Біз осы бір жас та болса, өз ісін жетік меңгерген Бегманның табыс сырын, жетістікке жету жолын зерттеп көрдік.

ЖҮК ТАСУДАН БАСТАЛҒАН ЖАРҚЫН ЖОЛ...

Өз қатары секілді Бегманның да мектепті бітірген соң жоғары білім алып, диплом иесі атанғысы келді. Сол мақсатта 2002 жылы оқуға түскен ол көп ұзамай, жоқшылықтың зардабын тарта бастады. Өзі ақылы бөлімде оқитын. Оқу ақысын төлеу керек, қала берді күнделікті ішіп-жем, киім-кешек тағы бар. Содан не істемек ке-



рек ондайда? Әрине, кез келген намысты жігіт екі қолға бір күрек іздері анық. Бегман да көп ойланбастан, жүк тасушы қызметіне кіріседі. Түске дейін оқу, түстен кейін жұмыс істеп жүріп жігіт дипломын алады. Және ол жүкті жай тасып қана қойған жоқ, өзінің жақсы мінезінің арқасында жұмыс берушісі әрі өздеріне құда боп келетін кісілерге баласындай болып кеткен еді. Жігіттің бел жазбай еңбек еткен еңбекқорлығына, жауапкершілігіне дән риза болған жұмыс берушілері оны өз қолдарымен аяқтандырады. Әрине, «Ер жігіттің мойнында қыл арқан шірімес» дегендей, ол еңбегімен жақсылықты қайтарды. Солайша, қысқасы не керек, 2002 жылы ақшаның құнды кезінде әлгі кісілер бұған 3 миллион 200 мың теңгеге цех ашып берген еді. Міне, бүгінгі істің басы сол цехтан басталды. Ол темірді шикізаттай сатып алып, одан орындық бар ма, жалпы қандай тапсырыс келсе, ешнәрсені «істей алмаймын» демей, үйреніп, ізденіп, бәрін жасап беріп отырды. Сол бастапқыда алған 3 миллион 200 мың теңгені 8 жыл дегенде қайтарып берген ол 2010 жылы жеке цех ашады. Міне, содан бастап, 10 жұмысшыдан тұратын команда жасақтап, соған басшылық ете бастайды.

ТӘҢІРДІҢ ТОСЫНСЫЙЫ: ЕГІЗ ПЕРЗЕНТ

Тек жұмысқа басымен кірісіп кетпей, жігіт жеке өмірінде де бақытқа кенеліп, өз ісін ашқанға дейін 4 баланың әкесі атанып үлгерген еді. Ал, 2017 жылдың 15 қазанында Жаратқан осы бір еңбекқор жігітке егіз бала нәсіп етеді. Бүгінде 6 баланың әкесі болып отырған жайы бар.

«Жұбайым күні кеше Күміс алқа алды. Жәрдемақыға 63 мың теңге шығыпты», – дейді риза кейіппен ....ұста жігіт. Ешқашан ешкімге алақан жаймай, өз еңбегімен күн көріп келе жатқан жігіт үшін бұл әрине үлкен қуаныш. Дегенмен, ол сол еңбегінің арқасында үй-жай салып, балаларына сүндет той жасап та үлгерген. Әрине, осы жолда ол өзіне демеу болған, арқадан қаққан, шарапаты тиген жандарға алғысы шексіз.

КҮРІШ ДЕСЕ – СЫР ӨҢІРІ, ҚАҚПА ДЕСЕ – ТҮРКІСТАН

Бегманның мамандығы негізі– тарихшы. Тіпті жергілікті мемлекеттік басқару ісін де бітірген. Дегенмен, Жаратқанның дәм-тұз бен несібе бұйырған саласы осы кәсіп болса керек. Ол дүниені де, абыройды да осы кәсібінің арқасында жинады. Бүгінде Бегманның қолынан шыққан қақпалар Арал, Шиелі, Қазалы тіпті Алматыда да жоғары сұранысқа ие. Бәріне де жігіт өзінің табанақы, маңдай терімен жетті. Алдымен өз өңірінде өнім жасап жүрген жігітке біртіндеп көрші қалалардан да тапсырыстар түсе бастады. Тіпті, біртіндеп жергілікті жерлерден сатушылар пайда болып, бұған көтерме тапсырыс бере бастады.

«Жігіттер менің жасаған қақпамның үстінен 20-30 мың қояды да, сатады. Біз істеп беріп отырамыз, олар тапсырысты өздері қабылдап, өздері істеп отырады. Тек бағасын біз айтамыз, олар соның үстіне қойып отырады. Шиелі, Қазалы мен Арал негізінен осы үшеуі болатын, биыл Алматыдан да бөлімше аштық. Ашқан Бағдат пен Балзия атты кластастарым», – дейді жігіт бүгінгі ауқымдары жайлы.

Айына 100 қақпа жасайтын Бегманның қолынан бір жылда шамамен 800 қақпа шығады екен. Бұл тек қақпаны айтқанда. Ал одан бөлек тағы



да өнімдер бар. Олар темір қоршау, түрлі белгілер, орындықтар, т.б да өнімдер.

«Біздің негізі мақсатымыз – алып сатарларды жарнамалау емес, өндірісті насихаттау. Келешекте көптеген станоктар сатып алу керек. 2020 мен 2021 жылдар станоктар алатын жылымыз. Содан кейін ою-өрнектің түр-түрін өз қолымызбен жасап шығаратын боламыз. Қазір біз оюды сатып алып салып жүрміз. Адам бір орында тоқтап қалмай, дамығысы келеді ғой. Ол бір, екіншіден, жұрт жабыстыра салатын нәрселерді алғысы келмейді, қымбат болса да өнерлі қолдан шыққанын жақсы көреді», – деді Бегман Әбдірашитұлы.

Біз манадан бері айтып отырған темір қақпалардың орташа бағасы 200мың теңге тұрады. Содан бастап, кейбірі 6 миллион теңгеге дейін барады екен. Яғни, жасау материалдары мен жұмыстың күрделілігіне қарай қымбаттай береді дейді. Әйтсе де, тым қымбат қақпа жасатушылар сирек кездессе керек. Қарапайым халықтың көбі 150-200 мың теңгенің ортасындағы қақпаға тапсырыс береді. Біріншіден, осындай бағасының қалтаға тиімділінің әрі сапасының да жоғарылығына қарай бүгінде бүкіл Қазақстанға қақпа осы Түркістаннан тарайды екен. Яғни, күріш десе, Сыр өңірі – Қызылорда еске түссе, қазір ел қақпа керек десе, Түркістан қатар жүреді дейді Бегман. Себебі жалғыз Бегман ғана емес, Түркістанда қақпа жасаумен айналысатын 11 цех бар көрінеді.

«ЕРІНБЕГЕН ЕТІКШІ БОЛАДЫ...»

Тек етікші ғана емес... Байқап тұрсақ, темірден түйін түйгенде де төзімділік ең бір қажет қасиет



секілді. Себебі тұрақты тұтынушылардың көбеюіне жылдар кетеді. Әйтетін жөні де бар, өйткені темір қақпа деген күнделікті дүкеннен сатып алып «жейтұғын» бөлке нан емес. Адам өмірінде бір-ақ рет үй салса, бір рет қана қақпа жасатуы мүмкін. Оның үстіне Түркістан мегаполис емес, онда 250 мың халық бар десек, оның барлығы бірдей үй соқпайтыны анық. Сондықтан неғұрлым өз ісіңді шебер істеу керек әрі ізденісті, ауқымды кеңейтуге деген талпыныcты күшейтпей, бұл істе жеңіске жету мүмкін емес. Бегман ғана емес, онымен қатар бастаған талай жігіттер болса керек. Бірақ көбі жолда кездескен қиындықтарға шыдамай, жарты жолдан тастап кетуге мәжбүр болған.

«Басқа жақтан жұмыстар да шықты, мемлекеттік қызметке де шақырды кезінде, бірақ бастаған ісімнен бір нәтиже шығарғым келеді. Бұл бір, екіншіден, мемлекеттік жұмысты істеп жатқан әке-шешемізге қараймыз ғой өзі. Мемлекеттік жұмыс істеді жаманды-жақсылы, совхозда істеді, әкім болды. Шыны керек, айтарлықтай алға жылжу болған жоқ. Ал, саудада, кәсіпте береке бар. Пайғамбарымыз да сауда істеген. Саудада береке барын бекер айтпаған. Біздікі саудадан гөрі ұсталық қой. Ең алғаш істі бастағанда пәтерде тұратынбыз, сонда айына беретін 3 мың теңгені таба алмай қиналып қалатынбыз. Күнде кешкі асқа жұмыртқа жейміз, тек қонақ келгенде ғана тауық етін сатып алушы едік. Шүкір, осы еңбектің арқасында араға үш жыл салып өзім үй салып алдым, қазір сол шағын үйді үлкейттік. Осы істе маған жаныма жалау боп, бір жағыма шығып, көмектескен жарымның барына шүкір деймін», – дейді Бегманның өзі жүріп өткен жолы мен сүріп жатқан өмірінен ой қорытып.

Осылайша таза өз еңбегімен табыс тауып, дәулетін арттырған Бегман Әбдірашитұлының жас та болса, көргені көп, өмірін ғибратты деп айтуға толық негіз бар. Ол ешкімге алақан жайған жоқ, тіпті «мемлекет мені асырайды» деген пиғыл мүлдем болған емес. Көзін тырнап ашқалы бейнет, екі қолға бір жұмыс. Тек бір білетіні, ешкімнің ала жібін аттамау керек. Себебі ол – әкесінің туғаннан санасына құйып өсірген қағидасы. Жай қағида емес, өзі әкім бола тұра, халқына қиянат жасамаған әкесінің көрсеткен үлгісі. Ал Бегман әкесінің сол қағидасын өз санасына салып, салмақтап, ал қалғанының барлығына өз еңбегімен жеткен еңбекқор жан. Тәуекел талабына, Алла бармақтай бақ берсін!

М. МАТАЙ.



ЖАҢА КІТАП

ӨМІРГЕ ШЕКСІЗ ҒАШЫҚ...



Таяуда әлеуметтік желіде өзінің сауатты жазбаларымен қоғамға (біздерге) ой салып, ізгіліктің салтанат құруына бір пайыз болса да өз үлесін қосып жүрген психолог-лайф коуч, трэвел блогер, «Тұлғалық даму мектебі» мен @ditravel_tur – авторлық тур жетекшісі Динара Болаттың сиясы кеппеген «Өмірге шексіз ғашық» кітабының таныстырылымы Шымкент қаласында өтті. Бармай қалуға мың сан себеп тауып рух пен нәпсінің тайталасқанын тамашалаймын ғой, баяғы...) Иә, РУХ жеңді.

Динараның болмысынан бүгінгі қазақ әйелінің бекзада болмысын көрдім!

Өзін аямай еңбекке әбден жеккен, еңбегін сауған ананы көрдім!

Қым-қуыт тірлікте өзін жоғалтып алмай сақтағанын һәм ішкі меніне деген ерекше құрметін көрдім!

Діңгектің мықтылығын және әрқайсымыздың бойымыздан табыла бермейтін асқан сабырлылықты көрдім!

Көрдім де көзайым болдым!

Иә, кітапты не туралы екен деген ойға берілгеніңіз анық. Ол туралы Динара Болат өзінің инстаграм парақшасында былай деп жазды: «Алғаш Сафарлидің кітабын оқып, жаным жылып отырған кезде мен болашақта кітап жазсам дәл осындай жан жылытар дүние жазамын деп шештім. Қолына кітапты алып оқыған адамның тек жаны ғана жылып қоймай, жәй ғана қуанатынын, өміріне бағыт беретінін, өзіне сендіретінін, өмірге ғашық ететін кітап жазуды мақсат еттім. Жаздым. Алып оқып үлгерген жандардан оң пікірлер келуде. Бір қызығы, әркімді әртүрлі мәселе қозғауда. Себебі, кітабымның жеті бөлімі жеті түрлі.

Тағдыр туралы ой. Менің сіз білмейтін сырларым.

Отбасы туралы.

Әйел қандай болу керек? Ер адамға қалай бағынып, қалай өз әлемімізді құру керек. Бала тәрбиесі.

Біз тек өзімізге аманатпыз.

Өзіміздің бағамыз қандай? Өзімізді не үшін сақтап, сыйлап жақсы көруіміз керек?

Әйел баласы өмірінде қандай сезімдерді сезіну керек? Бойында өмір, мінез, негіз бар әйел туралы.

Қоғам, ата-ана, өзгелердің қысымы арасында өзімізді жоғалтпау.

Сапалы өмір қандай?

Бақыт дегеніміз не?

Өмірдің мәні туралы

Адами қасиеттер».

Міне, құрметті оқырман, осы тақырыптар өте жеңіл тілмен, жып-жылы әңгімелермен берілген. Әр адам оқуы керек кітап. Әр үйдің төрінде тәрбие құралы ретінде пайдалануға болатын әдіскер кітап. Үш мың данамен шыққан кітаптың бұған дейін Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларында таныстырылымы өтті.

Кітап екінші рет басылып, Qazyna.kz кітап дүкендер желісіне сатылымға шықты.

Г. ҚАРЫБЕК



БАТЫР АНА

«БОЛАШАҚТА» ОҚЫП ЖҮР БЕС БАЛАНЫҢ АНАСЫ



Нәзира БАЙЫРБЕК – бүгінде әдеби ортада біршама танылып қалған есім. «Болашақ» стипендияты. Қазір мұхиттың арғы бетінде - Америка Құрама Штаттарында оқып жүр. «Біздің түлек!» деп мақтанып қояйыншы тап осы тұста! Республикалық «Жас Алаш», «Қазақ әдебиеті», «Ақ жол Қазақстан», «Айқын», «Астана ақшамы» газеттерінде, «Жалын» журналында қызмет етті.

Белгілі опера әншісі Нұржамал Үсенбаеваның өмірі мен шығармашылығына арналған «Нұржамал», өзінің әр жылдардағы публицистикалық жазбаларынан тұратын «Билік – биіктік емес», «Журналистің жұлдызды сәттері», ақын апасы жайлы «Күләш Ахметова» кітаптарының авторы. «Өмірбаяндық эссе» жанрында соны бір із қалыптастырып жүрген жас жазушы.

«Журналистің үлкен монографиялық кітап жазуы – өте сирек құбылыс, – деп айтқаны бар еді жазушы-драматург Дулат Исабековтің. – Әрі публицистикалық, әрі зерттеу және әрі эссе, бір жағы эпистолярлық жанрлардың басын қосқан үлкен кітап әлі жарық көрген жоқ. Өмірбаяндық эссе жанрында екі кітап жазуынан Нәзираның қандай жүректі жазушы екенін байқауға болады».

– Журналистикада өз идеяңнан өткен нәрселерді ғана жазып, өтірік айтуға мәжбүр болмай, өзің мойындаған шындықтан тайқымай, жүзің жарқырап жүрген әр күн – жұлдызды күн, – дейді Нәзира өзі туралы.

Түркістандағы оқуын бітіріп, алғаш «Жас Алашқа» жұмыс іздеп барғанын публицист Нұртөре Жүсіп былай еске алады: «Бір кездері «Жас Алаш» – жастардың үлкен ұстаханасы болды. Бірде жұмыста отырсам, жұмыс бөлмемнің есігі ашылып, арғы беттен кішкентай, талдырмаш қыз кіріп келді. Бастапқыда мектеп оқушысы болар деп ойладым. Сөйтсем, сол жылдары Елбасының пәрменімен ашылған Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің түлектерінің бірі екен. Екі-үш сұрақ қойып, сынап көрмек болдым. Қойған сауалдарыма сауатты жауап бере алғаннан кейін, жұмысқа қабылдадық».

Бүгінде Парламентте отырған сенатор ағасының: «Назира осы басылымның Астанадағы тілшісі болған кезінде өткір мәселелер көтеріп жүрді. Бірде Астана әкімдігі 40 млн теңгеге мұз қалашығын салды. Қыс мезгілінде күннің күрт жылы-



нып кетуінен әлгі мұз қалашығы еріп кетті. Осы мәселені Нәзира сауатты көтеріп, сыни мақала жазды. Әлгі мақаланы мықты карикатурамен безендіріп, газетке салып жібердік» деп еске алуын Нәзираға деген әріптестік ықыласы деп қабылдадық.

Нәзира республикалық белді басылымдарда қызмет етіп жүргенінде қоғамның өткір мәселелеріне қозғау салып, салмақты мақалалар жазып жүрді. Осылайша журналистика саласындағы еңбегінің арқасында «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығын алды.

Бірде шәкіртім Түркістанға келді. Мені іздеді. Сұхбат алмақ. Әрі-бері қашқақтап едім, қоймады. Екеуміз қонақ үйдің дәлізінде ұзақ әңгімелестік. Студенттік шақтарын еске алды. Ұстаздардан алған тәлімін мысал етті. Диктофон жоқ, блокнот жоқ. Әңгімеміз ағалы-қарындастай жылы сырға ұласты. Іштей «сұхбатымыз жайында қалды-ау» деп ойладым. Жоқ, көп ұзаған жоқ. «Менің нотам – магнитофон!» деген сұхбат жарқ ете қалды.

Қазір де Нәзирамен жиі хабарласып тұрамын. Мінезі жұмсақ, биязы. Алдына қойған мақсатына жетпей тыным таппайтын қайсарлығы да бар. Америкаға білім іздеп кетуінің өзі осы табандылығының арқасы ғой деп ойлаймын.

«Оқып, білімімді жалғастыру көп жылдан бергі арманым еді, – дейді Нәзира Fasebook-тағы жазбаларының бірінде. – Екі рет оқуға түссем деп оқталдым, бірақ Құдай маған сәби сүюді, балаларымның буыны қатайып, қанаттанғанша отандық журналистикада қызмет етуді ғана нәсіп етті. Қазір, Аллаға шүкір, бес балам бар. Бірақ бұған дейін қазақ журналистикасындағы өз қызметімді абыроймен атқаруға, жеке шығармашылықпен айналысып, кітаптарымды шығаруға кедергі келтірмеген балаларым оқуға да кедергі келтірмейтініне сендім. Сөйтіп, тәуекел етіп «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқуға құжат тапсырдым. Еңбексіз келген нанның дәмі болмайды. Маған бұл мүмкіндік еңбексіз келген жоқ. Әуелде жатпай-тұрмай ағылшын тілін оқып, қысқа мерзімде үйренгенімді сынап көрмекке IELTS емтиханын тапсыруға жазылдым. Ойымда – оқуға тапсырмас бұрын тәуекел ету не тәжірибе жинау ғана еді. Бірақ, жолым жеңіл болды, алғашқы талпынысымда-ақ «Болашақпен» шетелде оқуға қажетті баллды жинай алдым...».

Нәзира Байырбек бес баланың анасы. Бір қолымен бесікті тербетіп, екінші қолымен қалам тербеп, жат елді жатсынбай жүрген осындай шәкіртімнің барын мақтан етемін!

«Депрессиядан арылғың келе ме – жаңа бір нәрсе үйрен!

Өз бағаңды арттырғың келе ме – жаңа бір нәрсе үйрен!

Уайым-қайғыны ұмытқың келе ме – жаңа бір нәрсе үйрен!

Бақытты болғың келе ме – жаңа бір нәрсе үйрен!

Жетістікке жеткің келе ме – жаңа бір нәрсе үйрен!

Бай болғың келе ме – жаңа бір нәрсе үйрен!

Арманға жеткің келе ме – жаңа бір нәрсе үйрен!

Қартайғың келмей ме – жаңа бір нәрсе үйрен!

Барлық мәселемнің «кілті» оқып, үйренуде ме деп қалдым. Өнер үйрену, өзіңді дамыту ойыңды жаңартады. Ойың жаңарса, өмірің жаңарады. Бұрыннан ішіңде шер болып қатқан, үмітіңнен үзілген армандарыңа жан бітіп, ол сені қанаттандырады. Өз басым оқудың, үйренудің рахатын ешқандай мансапқа алмастыра алмайды екем».

Бұл – Нәзираның ойы. Жастарға қарата айтылған сияқты. Әрине, ұғар құлақ болса...

Бекжігіт СЕРДӘЛІ.



ҚАРТ ҚАРАТАУДЫҢ БҰЛБҰЛЫ

Қазақта әнші көп, яғни, «әу» демейтін адам аз. Алайда олардың көбі ауылдың алтауызы деңгейінен аса алмай жүр. Яғни, қара орман қазаққа танылып, талантымен елді мойындатқандар өте сирек. Сол сирек жандардың бірі – Қаратаудың қойнауында жатқан келбетті Кентаудың ән аламанында өзінің атын қалыптастырып, қала берді күллі алашқа өзі туған өлкені танытып жүрген Айжан Әбілханова. Небары 31 жасында бір емес, бірнеше республикалық, тіпті халықаралық байқаулардың көбінде бас жүлде алып үлгерген Айжанның шығармашылық әлемі қандай да бір зерттеуге лайық.

Айжан Тұрсынбекқызының өмірлік биографиясы да, географиясы да өте бай. Атап айтқанда, ол қазақтың бір кездері астанасы болған Ташкент қаласында дүниеге келген. Бірақ бірінші сыныпқа осы Кентау қаласы Хантағы ауылының №5 А. Пушкин атындағы мектебіне барды. Әнге деген қызығушылығы бала кезден бас көтерген Айжан мектепті бітіргенше бір емес, бірнеше қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық ән байқауларының лауреаты болып үлгереді. Атап айтқанда, облыстық «Кестелі орамал», (2000 жылы 1 орын иегері), қалалық «Наз қоңыр», (2001 жылы) тіпті Қырғызстан республикасында өткен Халықаралық «Жас толқын» (2002 жылы), республикалық «Арай-2007» эстрада әншілерінің байқауынан бас жүлдесін алды.

Сол әнге, өнерге, сахнаға деген құштарлық оны 2007ж Түркістан қаласы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Актерлік өнер» мамандығына оқуға түсуіне жетеледі. Айжанның бойында ән айтуға деген қабілет тумысынан болғанымен, ол өнерді шыңдаған осы оқу орны болды десек қателеспеспіз. Себебі қандай өнер, қандай қабілет болсын аздық етеді, егерде оны кәсіби жағынан шыңдап отырмаса. Осы университет қабырғасында жүріп сахнаны серік еткен әнші қыз сонымен қатар қазіргі Р. Сейтметов атындағы сазды драма театрында «вокал әртісі» болып істейді. Әдетте, әншілік жолды таңдаған арулар отбасын құруды екінші орынға ысырып қояды ғой, алайда Айжан бұл жағынан да өзге әріптестеріне үлгі бола білді. Студенттік албырт шақта өзінің өмірлік серігін кездестірген ол ақ босаға аттап, тіпті оқу орнын бітіргенше ақ жаулықты ана да атанып үлгерді.

Жоғары оқу орнын бітірген соң Айжанның Алматы не Нұр-Сұлтан секілді қалаларға өнерін шыңдауға кетуіне де болар еді. Алайда ол сол киелі топырақтан алысқа ұзап кетпеуді ұйғарды. Солайша 2014 жылы Айжан өзі бітірген Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Мәдениет сарайына «ұйымдастырушы», «эстрада үйірмесінің жетекшісі» қызметіне кіріседі.

Айта кету керек, көмейіне бұлбұл ұялаған әншінің ән аламанында алған жүлделері осымен тоқталған жоқ. Ол:

2008 жылы республикалық «Вокалист студенттер олимпиадасында» 1-орын;

2009 жылы республикалық «Шабыт» фестивалінен 1-орын;

2010 жылы Талдықорған қаласында өткен республикалық «Талант» байқауында «Қала әкімінің арнайы жүлдесі»;

2011 жылы өткен облыстық «Менің Қазақстаным» фестивалінде 2-орын;

2014 жылы «Дарын» республикалық ән байқауынан Бас жүлдеге ие болады.

Сондай-ақ Айжанның алған марапаттарының қатарында:

2016 жылы облыстық «Киелі Қазығұртым» ән байқауында «Облыстық мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының арнайы жүлдесі»;

2018 жылы облыстық «Шаянға барсаң, әншімін деме» ән байқауында 3-орын дипломанты

Білім және ғылым министрлігі «Атаданмұра» қоғамдық қорының президентінің атынан «Үздік жетекші» төсбелгісі;

2019 жылы облыстық «Шағалалы Шардара» ән байқауында арнайы «Шардара мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының арнайы жүлдесіне» ие болды.

2018 жылы Кентау қаласының Мәдениет сарайына «Музыкалық жетекші» болып қабылданған Айжан бүгінде сол мәдениетке қарасты Байылдыр ауылының клуб меңгерушісі болып қызмет атқарады. Екі баланың анасы. Жас та болса, талай сынды бастан өткеріп, ән өнерінде өзіндік жолын қалыптастырған Айжан енді өз тәжірибесін өзгелермен бөлісіп, ауылдың небір өнерлі жеткіншектерін сахнаға, өнерге тәрбиелеуге тікелей ықпал етіп жүр.

Жалпы, басында айтқандай қазақта әнші көп болғанымен, көмейіне бұлбұл ұялаған нағыз хас талант иелері аз. Соның бірі де бірегейі – қазақ өнерінің жұлдыздай жарқырап, нұр сәулесін шашқан, сыңғырлаған әсем де қоңырау үні жүздеген тыңдаушының жүрегіне жол тапқан біртуар дарын иесі, халқымыздың мақтанышы, Кеңестер Одағының және Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты – Күләш Байсейітова болса, тағы бірі бүгінде дүйім қазақ жұрты 90 жылдық мерейтойын тойлап жатқан Бибігүл Төлегенова. Ал, күллі қазақтың атын әлемге әйгілі етіп, абыройын асқақтатып жүрген Димаш Құдайбергеновтің жөні тіпті бөлек. Осы жасында отызға жуық байқауға қатысып, соның ешбірінде жеңбесе, жеңіліп көрмеген Айжан Әбілхановады да осы қатарға жатқызуға әбден болады.


Сөз соңында айта кетейік, 20 желтоқсан күні Кентау қаласында Айжан Әбілханованың «Ерке келін» атты елге есеп беру концерті өтіп, сол жерде оған

Республикалық «Ұстаз жолы» қоғамдық қорының атынан «Елеулі еңбегі үшін» мәдениет медалі берілді. Жаратқан осыншама талант берген әнші қыздың алар асуы әлі алда.

М. МАЙЛЫБАЙ,
Кентау қаласы



ҚОС АҒАШ



Тәуелсіздік дәуірінен кейін туған шығармалардың қатарында М.Мағауиннің «Қос Ағаш» туындысы өзіндік өрнегімен ерекшеленеді. Құрылымдық тұрғыдан көтерген мәселесі мен танымдық тереңдігі тарихты бойлай құрылған. Шығарма идеясы әдебиеттанушы, ғалым Т.Жұртбайдың пікірімен айтқанда бүкіл дала философиясының тамырының үзілуі мен қазақтың тағдыры тұспалданған. Пәниден бақиға дейінгі ұлттың болмысы мен табиғатын Қос Ағаштың тағдырымен байланыстырып, терең философияға жетелейді. Шығармадағы «Мен» концепциясы әңгіменің идеялық сипатын ғана емес, автордың тұлғалық және мінездік қасиетін танытады. Олай дейтініміз автор Қос Ағашқа үш жағдайда кездеседі: сәби, бала, есейген тұста. Осы үш кездесу автор идеясының түйіні деуге болатындай. Оның алғашқысы, шамамен үш жасар сәби шағында қыстауға көшіп бара жатқанда немересін алдына алған атасы зор қуанышпен «Әне... Қос Ағаш!» деп дауыстайды. Әуелі бұлтқа, сосын тұманға, одан кейін бұрын көрмеген зәулім ағашқа ұқсаған құбылыстың жақындаған сайын зорайып, жер бетіндегі тұман осы ағаштың басынан таралып жатқандай боп көрінуі. Алып дараққа бұл өңірде тең келетін ешқандай тіршілік иесі жоқ сияқты. Аспанмен тіресken мұндай алып, киелі ағаш бұрын соңды бұл өңірде болмаған шығар. Мың жылдық Қос Ағаштың қасына келгенде атасының қол жайып, «мына құлыншағыма өзіңе тете ұзақ ғұмыр бере гөр» деп, бата тілеуі бұл ағаштың жай ағаш емес екендігінен.

Екінші көргенде, шамамен тоғыз жас-та.Қос Ағаштың бұтақтары айқасып, тұтас бір денеге айналғандай. Қос Ағаш табанынан діңіне дейін аппақ. Кейіпкер бұл жолы Қос Ағашты даналықты бойына жиған абызға ұқсатады. Немересі әкесімен әңгімелескенде де біраз тарихи әңгімелерді баяндап, Қос Ағаштың қадір-қасиетіне тоқталады. Бахтин айтқан хронотоптың көркемдік қызметін уақыт пен кеңістікке сыйғызып, Қос Ағаштың философиялық-логикалық моделін бейнелеу арқылы өтпелі дәуір процесіндегі терең өзгерістерді пайымдауға мүмкіндік береді. Әр дәуірде өмір сүрген хандардың Қос Ағашты кие тұтуы, сол дәстүрдің бүгінге жетіп, ортақ куәсі болған Қос ағаш уақыт ағымын ортақ кеңістікке ыңғайлап, сыйғыза алған. Автор-кейіпкердің «бір кездері Абылай хан Қос Ағаштың қасына шатыр тігіп,

құрбандық шалып, үш күн жанына қонған екен» дейтіні, атасының «Еңсегей бойлы ер Есім қалмаққа қарсы шапқанда Қос Ағаштан аттанады екен», «Шыңғыс ханның өзі Қос Ағаш түбіне дамылдаған» дейтін сюжет-детальдар Қос Ағаштың тарихы тереңде жатқанынан хабардар етеді.

Үшінші рет көргенде автор-кейіпкердің болашақ нұрлы кеңістікке қанат қағуына бір-ақ жыл қалған, қолы жеткен кітаптың бәрін тауысқан, болашақта жазушы не тарихшы болатынын нақты болжап, ауыр болса да әдебиетке баратынын кесіп-пішкен тоғызыншы сынып оқушысы. Кейіпкердің көзқарасы тереңдеп, автор идеясының «мен» концепциясы айқындала түсетін тұс. Өзі тұстас оқушылармен жүгері науқанын орындаймыз деп жүріп Қос Ағаштың түбіне жетіп барғанда автор-кейіпкердің характері ашылады. Алғашқыда Қос Ағашты көріп жүрегі сыздайды. Өйтетіні Қос Ағаштың түбіне өзі-өз болып енді ғана келіп тұр. Осы жолы алдымен біреуін, сосын екіншісін құшақтап «үш жасымда келіп батасын алдым, бұл Дарақка менен жақын кім бар еді!..» деп, өзін өзгелерден өзгешелеп, ерекше жақын екенін ойлайды. Бұл жай ғана жақындық емес, Қос Ағаш маған ғана тән еді, дегенді білдіреді. Биолог болам деп жүрген Бекен екеуінің Қос Ағашты ойша зерттеп, бұл өңірде өспейтін немесе құрып кеткен ағаш болуы мүмкін. Діңнің шеңберіне жеті баланың құшағы әрең жететін жуандығы, биіктігі қазірдің өзінде елу метр, бәлкім, қурамай тұрғанда елу бес, алпыс метрге жеткен шығар. Бұл көріністер кейіпкердің көзқарасы арқылы берілген бейнелі сурет сияқты болғанымен, көп тарихты бойына сыйғызған біздің тарихымыз, һәм дәстүріміз.

Автор шығарма барысында Қос Ағаш жақын отырған ауылдың атын Сталин дейді. Бұл ауылды Сталин емес, басқа десе де болар еді, осы тұста автордың психологиялық параллелизммен екі түрлі болжам ұсынғысы келетінін аңғаруға болады. Қос Ағаш – тек табиғаттың сыйы ғана емес, оның артында, астарында қазақтың өзі, тағдыры, тарихы бар. Колхоздың Сталин аталуы, сол ауыл тұрғындарының бір кездегі талай тарих оғландары кие тұтып, тыныстап, рухтанып, қасиет тұтқан ағаштың уақыт өте ауыл тұрғындары үшін жексұрын көрініп, бәрінің де Қос Ағашты қалайда өзіне отын етіп алуды ғана ойлауы. Осыған кінәлі тап Сталин колхозының тұрғындары ғана емес, Сталин идеологиясының қазақ халқына тигізген зобалаңы елестейді. Бұл нағыз Қос Ағаштың тамырына балта шауып, тамырсыздыққа ұрынған қортық қоғамның бүгінгі екі аяқты иелері.

Шығармадағы 3, 5, 7, 9, 1000 сандары жиі кездеседі. Олардан бөлек жасқа байланысты 16 жас, 25 жас, көлемді анықтайтын 4 құлаш деген сынды сандар да шығармада орын алған. Үш жасында Қос Ағаштан бата алып, үшінші сынып оқып жүргенде (шамамен 9 жаста) Қос Ағаштың жанынан өттім, дейді автор-кейіпкер. Қос Ағашқа Абылай хан үш күн аялдап мүнәжат еткен. Қос Ағаш жасын түсіп өртенгенде үш күн, үш түн тоқтамай жаныпты, деп үш санына жиі оралады. Сондай-ақ ағашты балалар қанша құлаш екенін өлшемек болғанда жеті баланың құшағы әрең жетіп, жеті жігіт, жеті құшақ дейтін тұстағы сандардың қасиеті. Сонымен қатар, Қос Ағаш мың жыл жасаған шығар, дейтін сөз қолданған. Осындағы 1000 шартты түрде алынып тұрғандай. Ешкім де мың жасамайды. Қазақта «адам ұрпағымен мың жасайды» дейтін тәмсіл бар. Осындағы «Қос Ағаш 1000 жыл жасаған шығар» - дейтін автор-кейіпкердің сөзіне қарап, ғасырды ғасырға жалғаған Қос Ағаштың тарихы тереңде екенін аңғарамыз.

Шығарма әу бастан автордың өзі бас кейіпкерге айнала отырып баяндалатындықтан артық кейіпкер іздеп әуре болмайсыз. Өзі, атасы, өзімен тұрғылас оқушылар.

Ойымызды қорытар болсақ, психологиялық параллелизммен өрілген қазақтың тарихы, болмысы туралы бірнеше еңбектерден оқып, пікір түйіп жүрсек те жаңа туындыны оқығанда жаңа қыры ашылғандай болады. Өзгелерге ұқсамайтын талантымен танылған жазушы М.Мағауин Қос Ағашты деталь ретінде алып, тұтас ұлттың болмысын, мінезін, табиғатын шебер бейнелеген. Өз заманының заңғар жазушысы А.Сүлейменовтің «Кем талант - мүмкіндігінше, шын талант – қалағанынша жазады» дейтіні, ұлтын сүйген жазушының өз халқы туралы - Қос Ағашы туралы біресе деталь етіп, біресе символ етіп қалағанынша суреттеуінде ашылмаған талай сыр бар. Бұл сырдың құпиясын бәлкім Сіз ашарсыз...

Роза ЕСБАЛАЕВА
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркология ғылыми-зерттеу
институтының ғылыми қызметкері

Гүлнұр СОВЕТХАНҚЫЗЫ

ТАМШЫ ЖЫР



Арманым кетті қоштаспай
Көңілім күздей, қалтырап тоңып барады,
Жартысын таппай жүрегім тағы жаралы.
Қыс болмай тоңған көңілдің халін түсінем,
Жаныма жалау боп тұрған дос та шамалы.

Алай да, дүлей ала да берді-ау мазаны,
Жанымнан безіп, кетердей кезіп даланы.
Лүпілге лүпіл қосылған күндер қалды алыс,
Жүрекке жүрек сенбестей бейне қарады.

Тырмыса берді шыққысы келіп мұнардан,
Алдынан бірақ қол соза қоймай шын арман.
Ойпырмай, неге, ұмытты екен әу баста,
Қараңғы жолға алып шығуды шырағдан.

Амалы қанша, болары болды, бәрі кеш,
Келеді жолда, шайқалып жандай жарым ес.
Алладан медет сұрай да, сұрай жылар-ау,
Қалғаны мұның сөзін де тыңдап елемес.

Сезімі мұңға тұншығып қалды шыға алмай,
Жанар да семіп қалған ба жасқа шыланбай.
Шыныда тұрған сезімі кетті шытынап,
Зікірін салған бақсының жыры ұнамай.

Қоңыр күз келді. Көңілді шымқай мұң басты,
Жаздағы әні деуші еді – күзге ұласты.
Бірақ та, бірақ құстармен қайтқан ілесіп,
Қоштаспай арман, қол бұлғап қана қырды асты.

Келер-ау көктем, табиғат заңын бұзбаса,
Жаратқан ием жаңаша жоспар сызбаса.
Көктеммен қайтқан арманы келер оралып,
Сол күнге дейін, сыздасын жүрек сыздаса.

***

Таба алмай жүрек дауасын,
Өмірден кейде жерінем.
Сырт көзге сондай тамаша,
Бақытты болып көрінем.
Көрінем солай «бақытты»,
Өзімді-өзім алдаумен.
Бақытты болу оңай ма
Үмітке үміт жалғаумен.
Бақытты мүлде жоқ санап,
Алмаймын бірақ ақтала.
Бақытты болған шақтарым,
Баламды сүйген сәт қана.

***

Нұр жауған күн,
Көк Тәңірден тамшылап.
Шабыт келді, сезімімді қамшылап.
Тамшыларға таң қалмастан қарадым,
Маңдайларға бұйыртпаған тамшы бақ.

Талай арман көкірегімде кетті ұлып,
Тырыссамда көрсете алман тек қылық.
Жаман ойға жібертпеді санамды,
Көк бөріден келе жатқан тектілік.

Сені іздедім, жаным мұңға батқанда,
Сені іздедім, арайлы бір ақ таңда.
Сені іздедім, сезімімді сабылтып,
Көңілімді қуаныш кеп тапқанда.

Сені іздедім, жанарымды талдырып,
Арманыма үміт отын жандырып.
Сені іздедім, күле қалсам, ал егер,
Жылай қалсам, жанды естен тандырып.

Сені іздедім түсімде де таппадым,
Тілеп жаттым құба таңның атқанын.
Сені іздедім, еске алып өткенді,
Қуантар деп айтып қызық шақтарын.

Сені іздедім, арман-елес мұңымен,
Жүрегімнің айтылмаған сыры ма ең?!
Сені іздедім, неге іздедім білмеймін,
Әлде менің мәңгі шырқар жырым ба ең?!

***
Жабырқап жаным,
Жазылмай қалған дастандай.
Жылаймын іштей,
Көзімнен емге жас тамбай.
Қиямын қалай,
алғашқы махаббатымды?!
Көңілді көктем,
Күрең күз келіп басқандай.

***
Ұйқысы түннің бөлінді,
Сезімнің селі сөгілді.
Күрең күз келіп жұбатпақ,
Қоңыр мұң басқан көңілді.

***
Күзгі әуеннің сазынан,
Мұң торлады көңілді.
Өмірімнің жазынан,
Қысы аздап көңілді.

***
Жақсыны көріп тамсандым,
Жанымда жоқты аңсадым.
Көтере алмай еңсемді,
Шаршаудан да шаршадым.

***
Мұңды ойдан енді арылдым,
Жанымның бастым жалынын.
Шынымды айтсам мен сенің,
Сағынғаныңды сағындым.

***
Неге мен сезімге салғыртпын,
Жанарды күтумен талдырттым.
Күні-түн өзіңді ойлаудан,



Сағыныш дертіне шалдықтым.

***
Сезімім сенсіз жалаңаш,
Басқаны бағым қаламас.
Жанымен қанша сүйсе де,
Өзіңдей ешкім бола алмас.

***
Күтемін мейлі, күн санап,
Күтемін иә, сағаттап.
Өзіңмен өткен күндердің,
Мұң дәптерін парақтап.

***
Сен қалай сезінбейсің?!
Мен сені сағынғанымды,
Моншақ мұң тағынғанымды.
Сені іздеп шар тараптан,
Шарқ ұрып сабылғанымды.
Әлде сен күтіп жүрсің бе,
Мен саған жалынғанымды.
Жоқ, жаным, бұл ойың бола қоймас!
Жүз жерден!
Мен сені сағынсам да,
Мұң моншақ тағынсам да,
Таусылып табанымнан,
Ізімнен жаңылсам да,
Сарғайып сағыныштан,
Күтуден сарылсам да,
Жарылып жаным жүзге,
Тынысым тарылса да,
Жаураған жүрегіме,
Мұз көрпе жамылсам да...
Мен саған жалынбаймын!





***
Өзіңді көргелі өзгені ұмыттым,
Сол сені көргенім, ең ғажап тұнық түн,
Деміңе тұншығып, сырыңа құныктым,
Тағы да байландым жібіне үміттің...

***
Сағына берем, сағына берем түсінем,
Сағыныш болып, шықпайсың мүлдем
түсімнен.
Жоғалтып алсам, таба алмай сені қалам-ау,
Сағыныш атты сарғыш бұлттардың ішінен.

***
Таң қалма түсіңе жиі енсем,
Аралап бақыттың сарайын.
Түсіңе еге боп тым құрса,
Мұңыңа ортақ боп қалайын.

***
Тамшы ма түнімен әлдилеп тербеткен,
Сол күні... иә, әлгі... жанымнан сен кеткен.
Дәл қазір жаныма сен ғана демеусің,
Тамшы боп тамсаң да, кел, көктем, кел,
Көктем!!!

***
Сағынсам қайтем, сағынышыма дауа жоқ,
Бір тәнге ғана байланып қалды, ауа, көк.
Сезімге ғана сиынып жүрген дәл қазір,
Пенденді Алла мейіріміңмен жазалы ет!

***
Адастың деме, онсызда жаным, жүдеумін,
Таластың деме, бағына бөтен біреудің.
Санастың деме, салтымен қатал тағдырдың,
Жарасты деме, жаныңа мынау күрең мұң...

***
Сен бар жерде бақыттымын, басқамын,
Қарағанын елең қылмай басқаның.
Қабақ түйген сәттеріңді сүйсемде,
Жанарыңның жалынынан жасқандым.

Жанарыңнан от ұшқындап, ерек шын,
Осы тұлға болмысыңмен ерексің.
Сезімімнің патшасы, бек-ханзадам,
Өмірімнің маңызы үшін керексің.

Бөлек болмыс, ерек тұлға нар мүсін,
Сен сезбеген сезімдерім сарқылсын.
Қиялымнан жасап алған бейнеңді,
Ханзадам-ау, сен шынында бармысың.

***
Жоғалтып алдым, таба алмай жүрмін санда-
лып,
Іздеген сені іздерім жатыр жалғанып.
Іздеген сайын көбейіп жатыр жоқтауым,
Көрінген талға қол соза бердім қарманып.
Жоғалған жіптің таба алмай жүріп бір ұшын,
Өмірден мынау, алыстап кеттім, құрысын...

***
Бақыттымын, бақыттымын, алтыным,
Бақытыма тигізбесін қатал тағдыр салқынын.
- Ей, дүние, естимісің, өтінішім бар менің,
Бақытымды тойлайыншы ең болмаса жарты
күн.

***
Танымаймын өзімді,
Танымайды екенмін.
Бүгін тағы басқамын,





Өз-өзіме бөтенмін.

***

Ұқпайсың жиі жаным мұң,
Тұтқыны болдым арымның.
Ешкімге айтпай сырымды,
Өзіңді күттім, жарығым.

***

Алматының көктемі емес сағынтқан,
Мен көктемді сағынудан қалғанмын.
Өмір мені сағынудан арылтқан,
Тамырланып кеткен менде қарға-мұң.

Сезіміме жауап іздеп келгенмін,
Маза бермей қинаған соң күні-түн.
Сәлемімді сыбырлатып желге мың,
Үзбегенмін нәзігімнің үмітін.

Көктем ару көрсетпеді көйлегін,
Қуантатын жылда түрлі сәнімен.
Өкпелепті оған мендей өлеңім,
Муза деген жетпеген соң дәрумен.

Аямаңыз, сезімімді себепсіз,
Зәру емес мендегі мұң аяуға.
Бар мұңымды жинап алып керексіз,
Басқа жаққа аттандырам таяуда.

***

Айтатын іште сырым көп,
Жетпейді әттең, уақыт тек.
Сен мені алдай салмашы,
Бірлігім бітіп қалды деп.

***

Сен менің, сен менің тылсымым тұңғиық,
Сен менің, сен менің арманым тым биік.
Сен менің, сен менің қорғаным қол жетпес,
Сен мені, мен сені қалғанбыз шын сүйіп.

***

Сездірді өмір салқынын,
Жетуге саған талпындым.
Қоштасу қиын өзіңмен,
Ұмытам қалай, алтыным.

Көркіңе, қалқам, тәнтімін,
Болмасын жанда жарты мұң.
Өзіңе ғана арнаған,
Жүректің гүлін ал, күнім.

***

Сен жүрген қала сағынышымның мекені,
Сен жұтқан ауа, махаббатымның өтеуі.
Ұмытпау үшін сен сүйген күннің елесін,
Кішкентай ғана сезімің болса жетеді.

***

Қуанышым бар менің, жазылмаған жырым бар,
Әлі көпке жететін айтылмаған сырым бар.
Маңдайыма бұйыртқан бармақтай ғана бағым мен
Тағдырыма жазылған тамшыдай ғана мұңым бар.

***

Тәп-тәттісің қылығың жанды баураған,
Тіліңнен сенің... былдырлап көңіл аулаған.
Бәрінен, ұлым, анаңа сенің ұнайды,
Күлім көздерің өз жанарымнан аумаған.

***

Сағынба мені, сағындым деме сарғайма,
Тағдырдың осы жазғаны шығар маңдайға.
Естелік болып есіңде ғана жаңғырсын,
Тәтті сезімдер татымай кеткен таңдайға.

***

Жап-жаңа әлем... сезімдер бәрі әдемі,
Әдемі әлем, Алланың бізге сәлемі.
Адамзат ғана ұғатын сырын айтқызбай,
Махаббат осы әлемнің жалғыз дәлелі.

***

Уфф...
Жүрегім шаршап кетті,
Аңсап кетті қайғысыз бал күндерін,
Сағыныштың сезгенде салқын лебін.
Қуанышты күндерден жырақ қалған,
Естігенде жастықтың күрсінгенін,
Сезгісі кеп үміттің тылсым демін...
Уфф... жүрегім шаршап кетті...

СЫР МЕН СЕЗІМ ШЫНДЫҒЫ

...Ақын десе көз алдымызға домбырасын безілдетіп жырдан нөсер тудыратын жырау, сахнаға шығып, шашын сілкіп тастап өлең оқитын назыр немесе том-том көңіл термелерін жарыққа шығарған назиралар елестейді. Ақындардың да алуан түрі болатынын бертінде, кейін білдік қой. Солардың ішінде менің жырым жарыққа шығуы керек еді деп мақсат ұстанбайтын, өзін ақын деген құрметті топқа қоспайтын, бірақ, өлеңнің техникасын тап-тұйнақтай меңгеріп, өмірлік пайымын ақ қағаз бетіне түсіретін, өзін қалай да ұйқасы сәтті өлең жазуым керек деп қинамай құдай қалай жүрегіне не салса соны жазатын тағы бір қалам иелері бар. Ең қызығы, міне, осындай сөз зергерлерінің жыры өтімді келеді. Айналасындағы жұрт әлдебір отырыстарда оқыған жерінен есітіп қап, әлеуметтік желінің әлдебір парақшаларынан көріп қап жапа-тармағай дәптерлеріне көшіріп, "көңілдің кейбір кездерінде" жатқа оқып, ауыздан ауызға іліп әкетеді. Өйткені, ойлы оқырман сөзді қинап қолдан құрастырылмаған, жүректен шыққан жырды дәл аңғарады. Жазушылар одағына мүше болмаса да, облыстық газетке бір топтама жыры шықпаса да мұндай авторларға оқырман өзі-ақ ақын деген құрметті атақты әлдеқашан беріп қойған. Міне, біздің Гүлнұр сондай ақындардың қатарында.

Ақынмен танысуды бүгін бастаған оқырман үшін оның жырын таныстырар болсақ, Гүлнұр өлеңдерінде орасан сезім бар: ақ жауын алты күн төпеп тұрса да оты сөнбес, шаршамас сезім; сарыала күздің кірбің қабақты атырабында жүрсе де торықпаған үмітті сезім; көзінде жас болса да көктемнің көгілдір гүлдерінен тәж жасап киіп келер шақтың гүлзада ән шырқайтын терең эмоциялық жасампаз сезім.

"Қуанышым бар менің,
жазылмаған жырым бар,
Әлі көпке жететін,
айтылмаған сырым бар.
Маңдайыма бұйыртқан
бармақтай ғана бағым мен
Тағдырыма жазылған
тамшыдай ғана мұңым бар."

Бұл өзіне тән талант қуаты бар, көркемдік нәрі бар сыршыл поэзия.

Біздің білуімізше, Гүлнұр күллі ақындар түлеп ұшқан сара соқпақ - филология факультетін бітірген жоқ, сөз өнерінің қағидаларынан емтихан тапсырып, теориялық талаптарды орындаған жоқ. Бірақ, Гүлнұр поэзиясында олар толық көрініс табады. Ақынның тақырыпты меңгеруі, образды жеткізуі, көркемдік амал-тәсілдерді ұстана білуі, салыстырулары мен сан түрлі ізденістері оның сөз өнеріне байырғыдан төселгенін көрсетеді. Тағы да фольклорға, екі мың жылдық тарихы бар әдебиетімізге қарыздармыз, біздің автор нәрлі тілді, суреттеу мен ойын жеткізу амалдарын өзі парақтаған әдебиеттің өн бойынан алған, өзі оқыған жырларды байыптап, өзінен АҚЫН жасап шығарған.

Ақын жырларының жанрлық ерекшеліктері сан түрлі. Бұл жырлар ұлттық болмыс бедерінде қазақ поэзиясының жаңашылдық көріністерін, психологиялық коллизияларды, сезім иірімдерін танытады. Мұнда қазақ тілінің шұрайы, сезімдерді дөп басу мен тұнықтық, тазалық бар. Оқырманды еліктіру себебі - сыр мен сезім шындығы қосар келген үйлесімде дей аламыз. Өйткені, ақын өз жүрегінен өткізген шындығын, жүрегіне ұя салған сырын ғана, қыздың көзімен байқалған, әйелдің басынан өткен сезімдерді бояусыз сезімдерін қағазға түсіріп келді. Бірнеше жылдар бойы жазылған жырларды шолғанда ұққанымыз - сонау жылдары бала махаббаттан басталған лирикалық ізденістің бүгінде арналы, кемелді ақын мұратына адалдық мәселелерімен толыға түсуі.

Гүлнұрдың тартпасына тыққан дәптеріндегі жырлардың жарыққа шығатын, оқырмандармен қауыштыратын, әдеби процестегі үлесін анықтайтын кез де келіп жетті. Ақ жол дейік..!

Лира ҚОНЫС,
Филология ғылымдарының кандидаты,
АҚШ



***

Сағынып жүрсең...
Сағынып жүрсің сеземін,
Демей-ақ қойғын, шыдаймын, жаным, төземін.
Екеуміз бірдей шалдыққан дертке дауа жоқ,
Жүректе жатқан жұлып тастамай өзегін.

***

Кінәлама мазаласам тағы да,
Жазалауға билігің жоқ, әрине.
Сағыныштан еніп кетіп сағымға,
Оралмасам, қош дегейсің бәріне...

***

Бақытты кезім болған,
Тәп-тәтті сезім болған,
Тым нәзік сөзің болды, арман.
Байландың көздеріме,
Сенбедің сөздеріме,
Дедің бе, бұның бәрі жалған.

Ағалап еркеледім,
Сымбаттым, көркем едің,
Кеттің бе, бақытымды ерте менің.
Сезімді шерте білдің,
Жанымды өртеп үнің,
Соңына жетпедің-ау, ертегінің.

Ғұмырым гүлде менің,
Соңғы рет үндемедім,
Қоштасқым келмегендей, мүмкін.
Хабар ал жағдайымнан,
Иіске маңдайымнан,
Кездесіп қалып жатсақ, бір күн.

***

Мұң-жасқа толып армандарымның көзесі,
Түнгі сағыныш, сыр шертер нағыз кез осы.
Іңкәр сезімім сен жаққа қашан жетеді?!
Меңіреу менің махаббатымның егесі.

***

Өзің жайлы таусылмайды шер менде,
Арманыма жеткізбейді-ау, өр кеуде.
Сағыныштың салдары деп білгейсің,
Құшағыңа құлай кетсем көргенде.

***

Беймаза шақ, өліарада жолықтың,
Шындығыңа тік қарауға қорықтың.
Сүйіп жүрген адамыңды бір сәтте,
Сүймей қалу мүмкін емес, соны ұққын.

***

Қиын не бар, үмітіңді үзбеуден,
Сен кеткелі жүрек үнсіз, мұз кеудем.
Түні бойы терезеге телмірдім,
Сенің жаққан жарығыңды іздеумен.

***

Сүйем десең, маған, жаным қиылып,
Сол сәттегі жүрегімнің күйін ұқ.
Сенің үнсіз тұрғаныңа жетер ме?!
Бүкіл әлем сыбырласа жиылып.

***

Өкіндіріп кеткім келмейді, Сізді,
Өкінгеніңізді қаламаймын да.
Жапырақтай сарғайған күзгі,
Сағындырып жазалайын ба?!

***

Жүрегімде балауыз маздаса мұң,



Тынши алман сен жайлы жазбасам жыр.
Тұмар етіп төріңе ілмей-ақ қой,
Жай ғана болайыншы көзмоншағың.

***

Енді сездім жанымда күз екенін,
Қырық жамау жүректі күзетер мұң.
Көзден жазып, білмей қап жүрмейінші,
Алла жазған бағымның Сіз екенін.

АҒАНЫҢ ХАТЫ

Бара алмай жүрмін жаныңа,
Мінезің асау, білемін.
Өзіңе арнап тағы да,
Гүл сатып алып жүремін.

Шынымен сезім жоғы ма,
Хабарсыз кеттің неге сен?!
Хат жазшы телефоныма,
Сағынып өлсін демесең.

Телефон түспей қолымнан,
Хат күттім сенен сарылып.
Кездеспей қалсаң жолымнан,
Сол күні жүрем жабығып.

Уәдеңнен айнып қалдың ба,
Таза еді-ау, сүттен арымыз.
Аға боп келдім алдыңа,
Сәлемің қайда, сары қыз?!

***

Әнімді көкке алып ұш,
Естілсін даусым алыстан.
Мұңымның аты сағыныш,
Төзімді сен деп тауысқан.

Сағыныш көкте, жерде де,
Сағыныш сазы жырымның.
Ренжі, мейлі, өкпеле,
Шындығы осы сырымның.

Баяу ма жүрек лүпілі,
Сезе ме ғашық тынысын.
Үмітім болшы үкілі,
Бақыттың атар таңы үшін.

***

Сен жетпей жүрсің жаныма,
Болмысы бөлек бағым-ау.
Байланып мұңның торына,
Мүмкін бе сені сағынбау...

МАМА

Сырымды саған айта алмағаным үшін,
Бір көрген мұңды қайталағаным үшін,
Өсірген адал еңбегіңді еш қып,
Қондырған бағыңда жайқалмағаным үшін,
Сен мені кешіресің бе, мама?!

Өзіммен өзім боп кете алмай,
Алдыңа қайта келгенім үшін,
Ұлыма жақсы ана бола алмай
Қолыңа орап бергенім үшін,
Жасымды саған көрсеткім келмей
Мұңаяр шақта күлгенім үшін,
Отанасы боп отырар шақта
Желпілдек қыз боп жүргенім үшін
Сен мені кешіресің бе, мама?!

Жасаған сансыз жақсылығыңның
бірде біреуін қайтармағаным үшін,
Бүгін Меккеге, ертең Дубайға
апарамын деп айта алмағаным үшін,
Өлең де арнап өзіңе бір рет,
Оқып та беріп қуантпағаным үшін,
Түнің мен күнің алмасып жатқанда,
Қайғымды айтып жылатқаным үшін,
Сен мені кешіресің бе, мама?!

Ағарып кеткен әр шашың үшін,
Кешірім сұраймын, мама!
Сен ойлағандай қыз болмағаным үшін,
кешіресің бе мені, мама?
Кешірші мені, мама!

***

Сенің маған ұнайтының секілді,
Менің саған ұнайтыным секілді,
Сәл өкпеге жылайтыным секілді,
Тазалығы гауһар тастан мөп-мөлдір,
Жанарында жасыны бар өткір бір,
Алғырлығы алмас қанжар тәріздес
Ұл сыйласам деп едім!

Бұрымына бақытым деп қарайтын,
Қылығынан күн сәулесі тарайтын,
Әуезді әні әлдилейтін әлемді,
Тек жақсыға жар болуға жарайтын,
Арман болып ақынға да, әкімге
Жалғыз жанды бақытына балайтын,
Ары менен ұятынан сәулелеп,
Иман атты мұнарасын қалайтын
Қыз сыйласам деп едім...
Бірі кем дүние!

ШЫНАЙЫЛЫҚ ШАМШЫРАҒЫ

Өзіңе әлі беймәлім, бұрын еш туындысын оқымаған авторды оқу - бастапқыда ойландырады, уақытымды босқа шығындап жүрмейін деп бүгінгі ең маңызды құндылығымыздан ойлайсың, сосын талғам мәселесін сараптап, мынау ақпараттық заманда кез-келген информациямен сананы толтыру үстінде екенімізді еске алып, кіл жақсы дүние талап етесің, жаңа автормен танысу - құдды өзің бұрын барып көрмеген қалаға кіріп келе жатқандай сезім береді. Ақын Гүлнұр Көлбай жырларын оқуға ұсынғанда ең бірінші әдебиетшілік сараптан бұрын қарапайым оқырмандық дағдыммен үрке қарағанымыз рас. Бірақ, біз алғаш сапарға шыққан қала расында ғажап екен, аспаны ашық, күн сәулесіне малынған, түп-түзу көшелері гүлдерге толы әдемі әлем екен. Бәрекелді дедік!

Бірде балалық шақтағы естеліктерімізбен қауыштырып, бірде жүріп өткен жолдарымызда қош айтысқан махаббаттарды еске түсіріп, кейде қуантып, кейде өкіндірген сезімге толы, сенімге толы бір жыр-бақшасына енгендей болдық.

Тәуелсіздік алған жылдардан бергі жарқын әдебиетімізде ақын қыздарымыз аз емес. Көп болғаны да дұрыс. Қыз баланың бауырына, ата-анасына жақындығы поэзияға да араласса, ұлтына деген жанашырлық болып жетсе, үйінде баласын бесік жырымен тербетіп, ұлтын өлеңімен ұйытса - нұр үстіне нұр емес пе? Ерекше тоқталатынымыз, ақын қыздарымызға ортақ бір ерлік - намысқойлық. Ол үрдіспен Гүлнұр Көлбай поэзиясында да ұшырасамыз. Төмендегі дыбысты бірнеше қайталау арқылы жазылған өлеңге назар салайық:

“Мен сені сағынсам да,
Мұң-моншақ тағынсам да,
Таусылып табанымнан,
Ізімнен жаңылсам да,
Сарғайып сағыныштан,
Күтуден сарылсам да,
Жарылып жаным жүзге,
Тынысым тарылса да,
Жаураған жүрегіме,
Мұз көрпе жамылсам да...
Мен саған жалынбаймын!”

Өрлік дейміз бе, әлде еркектік дейміз бе, кеше ғана тарихи киноға айналып бәрімізді дүр сілкіндірген Томиристен тамыр тартқан көзқарас эволюциясы дегеніміз міне, осы! Бұл қазақ ақын қыздарының қолтаңбалық табиғаты. Өлеңнің шындық сипаты соншалықты анық болса да, соншалықты тылсым, жұмбақты екенін аңғарамыз. Қорқынышсыз жартастай қайыспас жігер мен гүлдей нәзіктіктің тоғысуы - ақын өлеңдерінің бір сипаты.

Біз оқыған жырлар жәй ғана махаббат лирикасы емес. Ақын махаббатты адам жанының көрінісі ретінде бейнелейді, махаббатты адамдар арасында өзара қолдаушы, қорғаушы күш тұрғысынан да қарастырады. Махаббат туралы ойлар адамзатты ой пайда болғалы бері мазалап келе жатқан шығар, біз адам мен махаббатты бір-бірінен бөліп қарамасақ та, бұл байланыстың сырын ашу, оны қара сөзбен жеткізу көбіміздің қолымыздан келмесіне сенімдіміз, бірақ, ақын жеткізе білген. Оның осы байланыс арасындағы әдемілік пен әсемдікті көретін көзі, оны мөлдір қалпында жеткізе алатын нәрлі тілі, драматизмі бар. Бір тақырып қайталай жырланғанымен, екінші өлең біріншіге, екінші өлең үшіншіге ұқсамайтын тосын, басқаша шешім, басқаша ой, мәселені оқырман әлі көрмеген тұсынан бастап жырлау дағдысы сүйсінтерлік! Шынайылық жымдасқан өлеңдер өзі сезінген иірімдерді оқырманға да сол қалпы ұқтыра алады. “Мұң дәптерін парақтап”, “Тағы да байландым жібіне үміттің”, “Сағыныш атты сары бұлттар”, “Сағындырып жазалайын ба?” секілді сәтті детальдар ақын жырларына романтикалық әуен бере түскен.

Гүлнұрдың әр шумақ өлеңіне өзінің бар ұмырын сыйып тұрғандай көрінді маған. Поэзиядағы адалдық, шынайылық дегеніміз осы!

Ұлан ЕРКІНБАЙ,
Филология ғылымдарының кандидаты

АРАСӨЗ

Сарасөз

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИ-ҚОҒАМДЫҚ ЖУРНАЛ

74974

